Құбыр учаскесін монтаждаудан кейін қазаншұңқырларды қайта толтыру жүргізіледі. Қайта толтыру топырақтың тығыздалу дәрежесі жоғары болғанда, жасыл аймақта топырақтың тығыздығы кемінде 1,70 г/см³ және жолдардың жүргін бөлігінде 1,90 г/см³ жеткенге дейін жүргізіледі.

Қазаншұңқырлар шөгуді болдырмайтын аз сығылатын топырақпен толтырылады. Мұндай топырақ ретінде құрылыс жұмыстарына арналған құм қолданылады. Жасыл аймақта құбырды күшейтуден кейін қазаншұңқырларды қайта толтыру жобалық биіктікке құммен, содан кейін қабатты тығыздай отырып жергілікті топырақпен жүргізіледі. Жетілдірілген типтегі жабындары бар автомобиль жолдарымен, көшелермен, өтпе жолдармен және алаңдармен қиылысу учаскелерінде қазаншұңқырлар $K=0,95$ дейін қабатты тығыздай отырып құмды топырақпен толық тереңдікке толтырылуы керек. Қазаншұңқырдағы топырақ пневматикалық таптағышпен тығыздалады.

Қазаншұңқырларды түпкілікті толтыру қуаты 75 а.к. бульдозермен жүргізіледі. Құрылыс кезеңінде механизмдер мен көлікті құбыр үстінде бірлі-жарым өткізуге мұқият тығыздалғаннан кейін құбырдың үстіңгі жағынан толтыру биіктігі кемінде 1,5 м болған кезде рұқсат етіледі. Жүргін бөліктегі қазаншұңқырларды уақытша төсеуді жер жұмыстарын орындайтын құрылыс ұйымы олар аяқталғаннан кейін бірден жүргізеді. Көше жабындарын түпкілікті қалпына келтіруді құрылыс ұйымымен шарт бойынша мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

2.2.3 Қосалқы жұмыстар

Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстары кезінде материалдарды, шағын механикаландыру құралдарын және құрал-саймандарды түсіру жүк көтергіштігі 16т кран-манипулятордың көтеру механизмімен жүргізіледі.

2.2.4 Қорытынды жұмыстар

Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындағаннан кейін алаңды (жұмыс орындарын) қоқыстан тазарту қажет, машиналар мен механизмдерді (арнайы бөлінген алаңдарға ауыстыруға жатпайтын) материалдық жауапты адамға күзетуге тапсыру қажет.

2.2.5 Тозған қысымсыз кәріз желілерін ішкі диаметрі 970 мм-ге дейін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша операциялық карта А.2.2 кестесінде келтірілген.

А.2.2 кестесі - Тозған қысымсыз кәріз желілерін ішкі диаметрі 500 мм-ден 970 мм-ге дейін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша операциялық карта

Атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Нұсқама, құжаттамамен танысу	-	<p>4-разрядты монтаждаушы (М1, М2) – 2 адам;</p> <p>3-разрядты монтаждаушы (М4, М5, М6) – 3 адам;</p> <p>2-разрядты монтаждаушы (М7, М8, М9, М10) – 4 адам;</p> <p>4-разрядты газбен дәнекерлеуші (Д) – 1 адам;</p> <p>4-разрядты авариялық машинаның жүргізушісі (генератор машинисі) (АЖ) – 1 адам;</p> <p>5-разрядты кран-манипулятор машинисі (КММ) -1 адам;</p> <p>4-разрядты автомобиль кранының машинисі (АКМ) –1 адам;</p> <p>4-разрядты өзі аударғыш автомобиль жүргізушісі (ӨЖ) – 1 адам;</p> <p>4-разрядты экскаватор машинисі (ЭМ) – 1 адам.</p>	<p>Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, қолдарын қойғызып қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді, қажетті құрал-саймандарды алады, талаптарға сәйкес жұмыстар жүргізу учаскелері мен жұмыс орындарын ұйымдастырады, қабылдау және бастапқы қазаншұңқырларда жұмыстарды жүргізудің қауіпті аймағының периметрі бойымен сигналдық қоршау орнатады, дәнекерлеу жабдығының, құрал-саймандар мен құрылғылардың жарамдылығын және жұмысқа қабілеттілігін тексереді.</p>

а.2.2- кестенің жалғасы

1			
Негізгі жұмыстар			
Бастапқы және қабылдау қазаншұңқырларының тарту жүкшығырларын монтаждау	Автомобиль краны, ілмектер, дизельді генератор, дәнекерлеу аппараты, құрылыс сүймені, зілбалға	АКМ, М1, М7, М8, М9, М10, Д	<p>Бастапқы қазаншұңқыр - АКМ, М7, М8 кранды жұмысқа дайындайды, аутригерлерді жылжытып, тіректерге орнатады, негізгі ілгекті босатып, оған 4 тармақы тросты кигізеді. М7, М8 кәріз құбырының жармасындағы қазаншұңқырдың бетіне жүкшығыр астындағы құбырлардан жасалған платформаны орнатады. М9, М10 жүкшығырды ілмектейді, ал АКМ жүкшығырды платформаға көтеріп, түсіреді. М10 жүкшығырды ілмектеуден босатады. М9, М10 тартпалы сұққылармен жүкшығыр тұғырығын платформаға бекітеді. М9, М10 қазаншұңқырда роликті тірек тіреуіне арналған төменгі тірек бөлігін орнатады, ол үшін күшейтілетін құбырдың екі жағындағы металл тіреулерді батырып, оларға құбырлардан жасалған көлденең тіреушелерді дәнекерлейді, оның тар бөлігіне роликті тіректің төменгі бөлігі монтаждалады. М7, М8 тіреуі бар роликті тіректі ілмектейді, АКМ тіректі көтеріп, қазаншұңқырға түсіреді. М7, М8 тіректі қабылдап, ролигі бар жоғарғы бөлікті жүкшығырдың құбырлы платформасына кигізеді, ал Д тіректі платформаға дәнекерлейді. М9, М10 қазаншұңқырға түседі, ал М8, М9 оларды сақтандыру арқандарының көмегімен сақтандырады, М9, М10 роликті тіректің төменгі бөлігін қабылдап, оны көлденең тіреушелердің тар бөлігі арқылы күшейтілетін құбырға өткізеді, содан кейін Д тіреуді құбыр тіректеріне дәнекерлейді. Әрі қарай М1 жүкшығырды электр қуат көзіне қосып, жүкшығырды сынамалық іске қосуды жүргізеді. Осыдан кейін, жүкшығырды қосып, арқанды тарқата отырып, арқанды тік роликті тіректің жоғарғы және төменгі роликтеріне жинайды. Осылайша, жүкшығырлар қабылдау қазаншұңқырына орнатылады.</p>

а.2.2- кестенің жалғасы

1	2	3	4
Тарту арқанын созу	Бастапқы құдықтың №1 жүкшығыры және қабылдау құдығының №2 жүкшығыры, пилоттық арқан, тасымалдау контейнері, аралық арқан	M1, M2, M7, M8, M9, M10	<p>M7 қабылдау қазаншұңқырына түседі, M8 M7 сақтандыру арқанының көмегімен оны сақтандырады. M7 тұтқышты құбырдың қақпағына орнатады.</p> <p>M9, M10 пилоттық арқанды бастапқы қаазаншұңқырдағы тасымалдау контейнеріне жалғайды. M9 контейнермен бастапқы қазаншұңқырға түсіп, контейнерді суағар ағыны арқылы құбырға жібереді, M10 M9 сақтандыру арқанының көмегімен оны сақтандырады. M2 қолына пилоттық арқан шумағы бар орау қалыбын ұстайды, ол тасымалдау контейнерінің ағымы бойынша шығарылуына қарай тарқатылады.</p> <p>Қабылдау қазаншұңқырында M7 контейнері бар пилоттық арқанды қабылдап, рация арқылы M9 бастапқы қазаншұңқырға қабылданғаны туралы хабарлайды. M1, M9, M10 қазаншұңқырдың бетіне кран көмегімен аралық арқаны бар қалыпты орнатылады. Әрі қарай M9 пилоттық арқанға бастапқы қазаншұңқырдағы аралық арқанды жалғайды. M7 және M8 пилоттық арқанның көмегімен аралық арқанды бастапқы қазаншұңқырдан қабылдау қазаншұңқырына тартады және аралық арқанды қабылдау құдығы жүкшығырының арқанына жалғайды. M1 және M2 қазаншұңқырлардағы жүкшығырларды қосады және M2 бастапқы қазаншұңқыр жүкшығырының көмегімен аралық арқанмен қабылдау қазаншұңқыры жүкшығырының арқанын бастапқы қазаншұңқырға тартады. Жүкшығыр тросы бастапқы қазаншұңқырдың қабылдау қазаншұңқырына жеткенде, жүкшығырлар ажыратылады.</p>

а.2.2- кестенің жалғасы

1	2	3	4
Құбырды механикалық тазарту	Бастапқы құдықтың №1 жүкшығыры және қабылдау құдығының №2 жүкшығыры, Автомобиль краны, Экскаватор	АКМ, ЭМ, АЖ, М1, М2, М4, М5, М6, М7, М8, М9, М10	АКМ, М7, М8 кранды жұмысқа дайындайды, аутригерлерді жылжытып, тіректерге орнатады, негізгі ілгекті босатып, оған 4 тармақты тросты кигізеді. М9 қырғышты ілмектейді, АКМ оны көтеріп, қазаншұңқырға түсіреді. М7 қабылдау қазаншұңқырына түседі, М8 М7 сақтандыру арқанының көмегімен оны сақтандырады. М7 қырғышты бастапқы қазаншұңқырға қабылдап орнатады және оған қырғыштың екі жағындағы қабылдау және бастапқы қазаншұңқырлардың жүкшығырларының арқандарын жалғайды. АКМ қырғышты көтеріп, оны т/б құбырдың ашық тоғыспасына түсіреді. М7 қырғышты ілмектеуден босатады. Қабылдау қазаншұңқырындағы М2 жүкшығырды қосып, жүкшығыр арқанын созады және дайындығы туралы бастапқы қазаншұңқырдағы рация арқылы М1-ге хабарлайды, ол өз кезегінде жүкшығырды қосып, дайындығы туралы рация арқылы М2-ге хабарлайды. М1 қырғышты қабылдау құдығына тартады, М3 және М9 күректердің көмегімен қырғыштың артқы жағымен т/б құбырдағы үйіндіні тазалайды, ал М4 және М10 оларды сақтандыру арқандарымен сақтандырады. Әрі қарай М1 жүкшығырмен қырғышты т/б құбыр,а тартып, қабылдау құдығынан бастапқы құдыққа дейін құбырдың қуысын тазартады. Қырғышта әкелінген үйіндіні М5 және М7 тазайды және ЭМ шөмішке салады. ӨЖ өзі аударғышты ЭМ шөмішінің әрекет ету радиусына орнатады. Тиелген шөмішті ЭМ көтеріп өзі аударғыш автомобильге түсіреді. М8 және М6 сақтандыру арқандарымен М5 және М7 сақтандырады. Осылайша, қолданыстағы құбырдың қуысы құбырдың бітелуін назарға ала отырып бірнеше тәсілмен тазаланады.

а.2.2- кестенің жалғасы

1	2	3	4
Құбырды калибрлеу	Бастапқы құдықтың №1 жүкшығыры және қабылдау құдығының №2 жүкшығыры, Автомобиль краны	АКМ, М1, М2, М7, М8, М9, М10	М7 калибрлеу модулін ілмектейді, АКМ модульді көтеріп, қазаншұңқырға түсіреді. М7 қабылдау қазаншұңқырына түседі, М8 М7 сақтандыру арқанының көмегімен оны сақтандырады. М7 модульді бастапқы қазаншұңқырға қабылдап орнатады және оған модульдің екі жағындағы қабылдау және бастапқы қазаншұңқырлардың жүкшығырларының арқандарын жалғайды. АКМ модульді көтеріп, оны т/б құбырдың ашық тоғыспасына түсіреді. М7 қырғышты ілмектеуден босатады. М2 жүкшығырмен модульді қабылдау құдығына тартады, ал М1 бастапқы қазаншұңқыр жүкшығырының арқанымен модуль құбырдан өткен кезде арқанды керіп ұстап тұрады. Модуль қабылдау құдығына шыққан кезде, М1 модульді жүкшығырмен бастапқы қазаншұңқырға кері тартады, ал М2 қабылдау қазаншұңқыры жүкшығырының арқанымен модуль құбырдан өткен кезде арқанды керіп ұстап тұрады.
Бұрандалы модульдерді (құбырларды) тарту	Бастапқы құдықтың №1 жүкшығыры және қабылдау құдығының №2 жүкшығыры, Автомобиль краны, Экскаватор	АКМ, М1, М2, М4, М5, М6, М7, М8, М9, М10	М7 құбырдағы тесіктерден ұстап үшін құбырдағы тарту арқанын бірінші құбырға (бұрандалы модуль) бекітіп, жалпақ тоқыма арқанмен ілмектейді. АКМ құбырды көтеріп, бастапқы қазаншұңқырдың т/б құбырының ашық тоғыспасына түсіреді. М8 құбырды ілмектеуден босатады. М8, М9 құбырды қабылдап, қабылдау қазаншұңқыры жүкшығырының арқанын құбырды тартуға арналған арқанға бекітеді. М2 қабылдау қазаншұңқырындағы жүкшығырды қосып, құбырды тартады, осылайша келесі құбырды монтаждау орнын босатады. М7 екінші құбырды ілмектейді, ал АКМ құбырды көтеріп, оны бастапқы қазаншұңқырдың т/б құбырының ашық тоғыспасына түсіреді. М4, М5, М6, М8, М9, М10 құбырды қабылдап, ілмектеуден босатады және бірінші құбырды екіншісіне бұранда бойынша арнайы кілттермен бұрап қосады. М2 қабылдау қазаншұңқырының жүкшығырын пайдаланып, құбырлар бунағын тартады. М1 рация арқылы М2-мен байланысқа шыға отырып жүкшығырдың жұмысын басқарады. Осылайша, бұрандалы модульдерді (құбырларды) тарту жұмыстары орындалады.

а.2.2- кестенің соңы

1	2	3	4
Қазаншұңқырлар шегінде т/б құбыр тоғыспасын герметикалау	Экскаватор	АКМ, М7, М8, М9, М10	АКМ полипропилен қаптарда өлшеп оралған цементі бар қауғаны қазаншұңқырға береді. М4, М5, М6, М7, М8, М9, М10 т/б және бұрандалы құбырлардың жанасу сағаларын қаптардағы цементпен герметикалайды.
Қосалқы жұмыстар			
Материалды және құралдарды түсіру, тиеу	-	М7, М8, М9, М10	Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша жұмыстар кезінде материалдарды, құралдарды және құрылғыларды түсіру, тиеу кран-манипулятордың жүк көтергіш механизмнің көмегімен жүргізіледі
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	Күрек, сыпырғыш	М1, М2, М4, М5, М6, М7, М8, М9, М10	Жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын тазалап, құралдарды қоймаға тапсырады

3. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

3.1 Құралдар мен жабдықтарға қажеттілік.

3.1.1 Құрылыс және арнайы құрылыс жұмыстарын механикаландыру кешенді болуы және жабдық жиынтықтарымен, шағын механикаландыру құралдарымен, қажетті монтаждық жарақтармен, мүкәммалмен және құрылғылармен жүзеге асырылуы тиіс.

3.1.2 Жұмыстарды орындау кезінде машиналарға, механизмдерге, жабдықтарға, технологиялық жарақтарға, құрал-саймандарға, мүкәммалға және құрылғыларға қажеттілік А.2.3 кестесінде келтірілген.

А.2.3 кестесі - Жұмыстарды орындау кезінде машиналарға, механизмдерге, жабдықтарға, технологиялық жарақтарға, құрал-саймандарға, мүкәммалға және құрылғыларға қажеттілік

Бригадаға - 10 адам

Р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	2	3	4	5
1	Кран-манипулятор	Тасымалдау және түсіру-тиеу үшін	Ж/к – 16 т	1
2	Автомобиль краны	Монтаждау-бөлшектеу жұмыстары	Ж/к – 16 т	1
3	Бір шөмішті экскаватор	-	124 кВт/169 а.к.	1
4	Дизель-генератор	Дәнекерлеу жұмыстары	Қуаты – 30 кВт	1
5	Дәнекерлеу аппараты		Типі ВД 160	1 жиынт
6	4 тармақты арқанды ілмек	Түсіру-тиеу және монтаждау жұмыстары	4СК-10,0., Ж/к-10 т	2
7	Жалпақ тоқыма ілмектер		Типі СТП-6 (ЗР6), Ж/к – 9 т	2
8	Электр жүкшығыры (диаметрі 22 мм, ұзындығы 120 м металл платформасы және арқанмен)	Бұрандалы модульдерді тарту	Тарту күші – 5 т, орау жылдамдығы – 9 м/мин, арқанның диаметрі – 22 мм, ұзындығы 120 м арқанмен салмағы – 1050 кг	2
9	Жүкшығырға арналған тіреулері мен бекіткіштері бар роликті тірек	Құбырларды тарту және созу	-	2
10	Пилоттық арқан	Аралық арқанды тарту үшін	Диаметріі - 2,5...3,0 мм	200 м
11	Аралық арқан		Диаметрі - 7,0...10,0 мм	200 м
12	Бұрағыш кілт	Бұрандалы құбырларды бұрау үшін	-	4

а.2.3- кестенің соңы

1	2	3	4	5
13	Қалақты күрек	Қырғыштан қоқыстарды жинау үшін	-	4
14	Құрылыс сүймені	Монтаждау жұмыстары	-	4
15	Қырғыш құрылғы	Құбырды тазарту үшін	-	1
16	Жабынды пышағы	Жеңді, жабысқақ таспаны кесу	-	2
17	Өлшеуіш	Өлшеу құралы	Ұзындығы – 2 м, бөлу бағасы 1 мм	2
18	Слесарлық құрал-саймандар жинағы	Жабдықты монтаждау – бөлшектеу	-	Жиынтық
19	Баспалдақ	Жұмысшы персоналды қазаншұңқырға түсіру және көтеру	Биіктігі – ЖЖЖ бойынша	2
20	Зілбалға	Тіректерді қағу үшін	-	2
21	Маркер	Жеңді таңбалау	-	1
22	Судан қорғау костюмдері	Жеке қорғану құралы		10
23	Комбинезон		-	10
24	Резеңке етік		-	10 жұп
25	Қолғап		-	10 жұп
26	Монтаждық каска		-	10
27	Сақтандыру белдігі		-	10
28	Тоқыма сақтандыру арқандары		Ø12 мм, L=20 м	6

а.2.3- кестенің соңы

1	2	3	4	5
29	Құбыршекті Газқағар		Құбыршектің ұзындығы, 12 м-ге дейін	10
30	Газ талдауыш	Газ деңгейінің құрамын өлшеу	-	2
31	Уақытша қоршау	Ұжымдық қорғау құралы	-	ЖЖЖ бойынша
32	Қауіпсіздік белгілері	Қауіпті аймақтарды белгілеу	-	ЖЖЖ бойынша
33	Дәрі қобдиы	Жарақат алған кездегі алғашқы көмек	-	1
34	Сөйлесу құрылғылары (рациялар)	Жұмысшы персоналдың сөйлесуі	-	5

3.2 Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы А.2.4 кестесінде келтірілген.

А.2.4 кестесі – Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы

Құбырдың 100,0 қ.м.

Р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	ТНҚА атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4	5
1	Бұрандалы модульдер (<i>сыртқы диаметрі – 900 мм, ішкі диаметрі – 800 мм, құбырдың ұзындығы – 1,95 м, бұрандалы бөлігі 0,22 м – 2,17 м, құбырдың салмағы – 103,9кг</i>)	Т/б құбырды қалпына келтіру үшін	қ. м/дана/т	100,0 / 51,0 / 5,3
2	М400 маркалы цемент <i>Сұрыбы – ЦЕМ II/A-K (Ш-II) 32,5Н</i>	Т/б құбыр тоғыспаларын тығындау үшін	т	4,0
3	Электродтар (диаметрі 4,0 мм)	Дәнекерлеу жұмыстары	кг	6
4	Оттегі (бір баллон – 40л немесе 6,36 м3)		л	10
5	Пропан (бір баллон – 50л немесе 10,01 м3)		л	10

4 Еңбек шығындары мен машина уақытының калькуляциясы

4.1 Калькуляцияларды жасау кезінде Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарына бірыңғай нормалар мен бағалар БНЖБ пайдаланылды.

4.2 Тозған қысымсыз кәріз желілерін бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша еңбек шығындарын нормалау (бұдан әрі кестелерде ЕШН) жүргізілген еңбек шығындарының хронометраждық жұмыстары негізінде орындалды.

4.3 Технологиялық порцестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы және дайындық операциялары нормаларда ескерілді, бірақ жұмыстардың құрамында ескертілмеді.

4.4 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге (ТҮ), жеке қажеттіліктерге және тынығуға арналған еңбек шығындары ескерілді.

А.2.5 кестесі - Тозған қысымсыз кәріз желілерін ішкі диаметрі 800 мм бұрандалы модульдермен қалпына келтіру бойынша еңбек шығындарының калькуляциясы

Жұмыстардың көлемі – 100,0 м құбыр

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам-сағ бірлігіне уақыт нормасы (маш.-сағ.)	Буын құрамы			Адам-сағ көлеміне еңбек шығындары (маш.-сағ.)
					Кәсіп	Разряд	Саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Күшейту үшін машиналар мен техниканы жұмысқа дайындау	процесс	1	4,0 (1,0)	Манипулятор машинисі Монтаждаушы	4 2	1 4	4,0 (1,0) манип
2	Бұрандалы модульдерді түсіру	т	5,3	0,5336 (0,2664)	Манипулятор машинисі Монтаждаушы	4 2	1 4	2,828 (1,412) мани
3	Гарту жүкшығырын монтаждау	дана	2,0	11,0 (0,283) (0,333) (0,333) (0,1)	Автокран машинисі Генератор машинисі Монтаждаушы Монтаждаушы Газбен дәнекерлеуші	4 4 4 2 4	1 1 1 4 1	22,0 (0,566) кран (0,666) генер (0,666) дәнек (0,1+0,1=0,2) жүкш1 және жүкш2

а.2.5- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
4	Тарту арқанын созу	м	100	0,038 (0,00383) (0,00383)	Монтаждаушы Монтаждаушы	4 2	2 4	3,8 (0,383) жүкш 1 (0,383) жүкш 2
5	Құбырды механикалық тазарту	м	100	0,3 (0,0017) (0,0267) (0,0267) (0,0108) (0,0108)	Автокран машинисі Экскаватор машинисі Өзі аударғыш автомобиль машинисі Монтаждаушы Монтаждаушы Монтаждаушы	4 4 4 4 3 2	1 1 1 2 3 4	30,0 (0,17) кр (2,67) жүкш1 (2,67) жүкш2 (1,08) экскав (1,08) өзі ауд
6	Құбырды калибрлеу	м	100	0,02 (0,0012) (0,00333) (0,00333)	Автокран машинисі Монтаждаушы Монтаждаушы	4 4 2	1 2 4	2,0 (0,12) кран (0,333) жүкш1 (0,333) жүкш2
7	Бұрандалы модульдерді (құбырларды) тарту	м	100	0,277 (0,0308) (0,0308)	Автокран машинисі Монтаждаушы Монтаждаушы Монтаждаушы	4 4 3 2	1 2 3 4	27,7 (3,08) кран (3.08) жүкш 2
8	Қазаншұңқыр шегінде т/б құбыр тоғыспасын герметикалау	дана	4	1,4 (0,0417)	Автокран машинисі Монтаждаушы	4 2	1 4	5,6 (0,167) кран
9	Жабдығы бар техниканы бөлшектеу және тиеу	процесс	2	7,583 (0,450) (0,3) (0,5)	Автокран машинисі Манипулятор машинисі Монтаждаушы Газбен дәнекерлеуші	4 4 2 4	1 1 4 1	15,166 (0,9) кр (0,6) газбен кескіш (1,0) манип

а.2.5-- кестенің соңы

1	2
	ЖИЫНЫ: 113,094 адам-сағ
	Автомобиль краны: 5,003 маш.- сағ
	Өзі аударғыш: 1,080 маш.- сағ
	Экскаватор: 1,080 маш.-сағ
	Дизельді генератор: 0,666 маш.-сағ
	Дәнекерлеу аппараты: 0,666 маш.- сағ
	Газбен кескіш аппарат: 0,600 маш.- сағ
	Кран-манипулятор: 3,412 маш.- сағ
	№1 жүкшығыр: 3,486 маш.- сағ
	№2 жүкшығыр: 6,566 маш.- сағ

Қалпына келтірілетін құбырдың 1,0 қ.м күшейту есебі:

113,094/100,0 = 1,131 адам-сағ – монтаждаушылардың еңбек шығындары;

5,003 / 100,0 = 0,0500 маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану;

1,080 / 100,0 = 0,0108 маш.- сағ – өзі аударғыш автомобильді пайдалану;

1,080 / 100,0 = 0,0108 маш.- сағ – экскаваторды пайдалану;

0,666 / 100,0 = 0,00666 маш.- сағ – дизельді генераторды пайдалану;

0,666 / 100,0 = 0,00666 – дәнекерлеу аппаратын пайдалану;

0,600 / 100,0 = 0,006 маш.- сағ – газбен кескіш аппаратты пайдалану;

3,412 / 100,0 = 0,0341 маш.- сағ – манипуляторды пайдалану;

3,486 / 100,0 = 0,0349 маш.-сағ – №1 жүкшығырды пайдалану;

6,566 / 100,0 = 0,0657 маш.- сағ – № 2 жүкшығырды пайдалану.


А. 3 Жеңіл тас блоктардан құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы

Құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындар құрылыс алаңында толық немесе ішінара бетондалатын және монолитті және құрастырмалы элементтерден құралған көтергіш аражабындарға жатады және құрылыста әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмалы-монолитті аражабындарының элементі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Жиі қырлы аражабын – бұл бір бағытта жұмыс істейтін, қырларында орналасқан жұмыс арқауы бар аражабын тақтасы. Аралығы 3-тен 9 м-ге дейін аражабындарға арналған конструкциялардың төрт типі бар, жүктемесі шаршы метрге 200-ден 600 кг-ға дейін.

Осы ТПНН-да бес қабатқа дейінгі аражабындарда уақытша ағаш қалыптағы және индустриялық қалыптағы өлшемдері 600х300х150мм, 600х300х200мм, 600х300х250мм және 600х300х300мм автоклавты газды бетоннан (газды блоктардан) жасалған блоктарды қолдана отырып, құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабын құрылғысы бойынша конструкциялардың төрт типі қарастырылады.

Аражабын материалы - МЕМСТ 26633-2015 бойынша ауыр В20 бетон, МЕМСТ 34028-2016 бойынша А500 класты жұмыс арматурасы, МЕМСТ 31360-2007 бойынша сығымдауға беріктігі бойынша В1, 5-тен төмен емес класты автоклавты газды бетоннан жасалған блоктар (өз салмағынан жүктемелерді есептеуде тығыздық бойынша D500 маркасы пайдаланылды); тақтаны ұяшығы 150х150мм МЕМСТ 6727-80* бойынша Вр-I класты арматурадан жасалған тормен арқаулау көзделген.



Аражабын типтері

а – 1-тип, б – 2-тип, в – 3-тип, г – 4-тип,
1 – монолитті темірбетон, 2 – автоклавты газды бетон блогы

А.3.1 кестесі – Аражабындардың жалпы сипаттамалары

Сипаттамалары	Аражабындардың типтері			
	1-тип	2-тип	3-тип	Типі 4
1	2	3	4	5
Аражабын салмағы (нормативтік/есептік), кг/ш.м.	260 / 285	300 / 330	345 / 380	390 / 430
Конструкцияның жылу берілісіне келтірілген кедергісі R, (м ² °C)/Вт	0,67	0,78	0,90	1,0

1. Негізгі қолданылатын материалдар мен жабдықтардың сипаттамалары

1.1 Автоклавты газды бетоннан жасалған блоктар (газды блок)

Сыртқы аспалы қабырғаларды қалауға арналған газды блоктар ҚР СТ 940-92 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Блоктар бетонының жылу өткізгіштік коэффициенті МЕМСТ 25485-89-да көрсетілген мәндерден аспауы керек.

Блоктарда екі шеттен артық қиылысатын жарықшақтардың, төрт жеттен артық өтпейтін жарықшақтардың, сондай-ақ блоктың биіктігі бойынша линза тәрізді және параллель жеке қатпарлардың болуына жол берілмейді.

Блоктар МЕМСТ 30244-94 бойынша жанбайтын материалдар тобына жатады.

Блоктардың әр топтамасының немесе оның бір мекенжайға жіберілетін бөлігінің сапа туралы ілеспе құжаты болуы керек.

Блоктар контейнерлерде немесе термошөгімді қабықшамен бекіте отырып тұғырықтарда жеткізіледі және рубероидпен ылғалданудан қорғай отырып (МЕМСТ 10354-82 бойынша полиэтилен қабықшамен) биіктігі 2,5 м-ден аспайтын қатарға салынып сақталуы тиіс.

Блоктар қаптамада белгіленген тәртіппен бекітілген көліктің осы түрінде қолданылатын қағидаларға сәйкес автомобиль көлігімен тасымалданады. Блоктардың автомобильдің бортынан 0,2 м биік шықпауы керек. Блоктарды ақтара тиеуге және лақтырып түсіруге, жерге сүйретіп тасуға жол берілмейді.


Газды блоктарды тұғырықта орналастыру схемасы 1.1-суретте көрсетілген.

Қуыс бетоннан жасалған блоктарды тасымалдау схемасы 1.2-суретте көрсетілген.


Қуыс бетоннан жасалған блоктарды қатарға қоймалау схемасы 1.3-суретте келтірілген.



1.1-сурет – Тұғырықтағы қуыс бетоннан жасалған блоктарды орналастыру схемасы
 1 - қуыс бетоннан жасалған блоктар; 2 - МЕМСТ 3560 бойынша болат таспа; 3 - тұғырық



1.2-сурет - Қуыс бетоннан жасалған блоктарды тасымалдау схемасы
 1 - автомобиль; 2 - тұғырық; 3 - қуыс бетоннан жасалған блоктар



1.3-сурет - Қуыс бетоннан жасалған блоктарды қатарға қоймалау схемасы

1 - қуыс бетоннан жасалған блоктар; 3 - MEMCT 3560 бойынша болат таспа; 2 - тұғырық; 4 - білеу 100 x100 мм

1.2 Арматура

Қарастырылып отырған аражабындағы жапсарларды арқаулау үшін диаметрі 16 мм А500 класты өзекті арматура, сондай-ақ диаметрі 6 мм А240 класты арматура қолданылады.

Арматура келесі құжат талаптарына сәйкес келуі керек: MEMCT 34028-2016 «Темірбетон конструкцияларына арналған арматуралық илек. Техникалық шарттар».

Құрылыс объектісіне арматуралық өзекшелер түр өлшемдері бойынша пакеттермен жиынтықталған күйде жеткізіледі. Жұмыстарды үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін объектіде үш ауысымға есептегендегі арматураның қажетті қоры құрылады.

Арматуралық өзекшелерді тасымалдау, қаттастыра жинау және сақтау қолданыстағы НТҚ талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Арматуралық бұйымдарды тасымалдау, тиеу, түсіру кезінде оларды деформация мен қисаюдан қорғау бойынша шаралар қабылданады.

Қаттастыра жинау кезінде арматуралық өзекшелер қалыңдығы кемінде 30 мм ағаш төсемдерге салынады. Арматуралық өзекшелер мен бұйымдар қатарының биіктігі 1,5 м-ден аспауы тиіс. Арматуралық бұйымдарды қаттастыра жинау және сақтау брезенттен, полиэтилен үлдірден жасалған қалқаның немесе жабынның астында жүзеге асырылуы тиіс.

Арматураның әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

1.3 Тоқу сымы

Арматураны тоқу үшін МЕМСТ 3282-74 «Жалпы мақсаттағы төмен көміртекті болат сым» талаптарына сәйкес жеңіл болат төмен көміртекті сым қолданылады. Техникалық шарттар».

Сым орамдарда немесе орауыштарда жеткізіледі.

Сымды тасымалдау көліктің нақты түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес әртүрлі көлік түрлерімен жүзеге асырылады.

Әрбір топтама бір дайындау дәлдігі, өңдеудің бір түрі, бір класс және бір топ сымынан тұруы және оның сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

Сымды тасымалдау және сақтау қолданыстағы НТҚ талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

1.4 Арматуралық тор

Дәнекерленген типтегі арматуралық тор – торлы конструкциясы бар металл бұйым. Бұл нүктелік дәнекерлеудің арқасында бір-біріне мықтап бекітілген перпендикуляр орналасқан шыбықтардың жинағы. Негізгі мақсаты - құрылыс конструкцияларын арқаулау және нығайту.

Арматуралық тор диаметрі 3 мм-ден 16 мм-ге дейін МЕМСТ 6727-80 бойынша ВР-1 төмен көміртекті сымнан жасалады.

ВР сымының диаметрлерінің стандартты мәндері 3, 4 және 5 мм. Өлшемдердің дәлдігіне байланысты арматуралық торлар қалыпты және жоғары дәлдікті болып бөлінеді.

ВР торының техникалық сипаттамалары МЕМСТ 6727-80 айқындалады. Оларға мыналар жатады:

- ұяшық өлшемі (50x50-ден 200x200 мм-ге дейін);
- жайма ені (30-150 см);
- жайма ұзындығы (200 см);
- 1 м² салмағы (0,547-3,731 кг).

1.5 Бетон қоспа

Аражабынды бетондау үшін су өткізбеушілігі бойынша маркасы жобаға сәйкес қысуға беріктігі бойынша В15-В20 класты бетон қолданылады.

Төсеуге арналған бетон қоспасы келесі талаптарға сәйкес келуі керек: МЕМСТ 26633-2015 «Ауыр және ұсақ түйіршікті бетон». Техникалық шарттар».

Бетон қоспасын тасымалдау автобетон араластырғыштармен жүзеге асырылады. Бетон қоспаларын сапалы жеткізу үшін әрбір рейс алдында автобетон араластырғыштарда алдыңғы рейстен бетон қалдықтарының болмауын тексеру қажет.

Бетон қоспасын үздіксіз бетондау процесін қамтамасыз ететін мөлшерде жеткізу керек. Бетон қоспасының әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

Бетон қоспаларын тасымалдау, беру және тарату келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы керек: МЕМСТ 7473-2010 «Бетон қоспалары. Техникалық шарттар».

1.6 Шегелер

Палубаны арқалықтарға бекіту үшін МЕМСТ 4028 талаптарына сәйкес 2 мм × 70 мм шегелер қолданылады. Бір типтік өлшемді шегелер ағаш жәшіктерге буып-түйілуі керек.

Шегелердің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

1.7 Бекіткіштер

Бетонның қорғаныш қабатын қамтамасыз ету үшін қорғаныш қабатының күшейтілген пластмасса бекіткіштері қолданылады. Бекіткіштер жәшіктерде, жылыту аспаптарынан алыс жерде сақталады. Бұл бекіткіш диаметрі 32 мм арматураның сенімді бекітілуін және аражабын тақталарының көлденең конструкцияларын тұрғызу кезінде қажетті қорғаныш қабатын құруды қамтамасыз етеді.

Бекіткіш арматураның ең жоғары диаметрі 32 мм болғанда 50 мм қорғаныш қабатына есептелген. Бекіткіштердің ұсынылатын шығысы шаршы метрге 4-6 дана.

Бекіткіштердің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

Қолданылатын бекіткіштің түрі 1.4-суретте көрсетілген.



1.4-сурет – «Күшейтілген тіреу» арматураға арналған бекіткіші

2 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

2.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

Жеңіл тас блоктардан жасалған құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы бойынша жұмыстар жүргізілгенге дейін:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні кәсіпорын бойынша актімен тағайындау;
- жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу;

- жауапты жұмыстарды жүргізушіге жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат алу;
- қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамаларды тіркеу журналына жазумен жұмысшыларға мақсатты нұсқаманы өткізу;
- жұмысшыларды жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен, жұмыстарды жүргізу технологиясымен қолдарын қойғызып таныстыру;
- қолданыстағы нормаларға сәйкес жұмысшыларды арнайы киіммен, қорғаныс каскаларымен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2011 және ЖЖЖ талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелері мен жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау (учаскелерді және жұмыстарды орындау орындарын жайластыру, машиналар мен механизмдерді орналастыру үшін алаңдарды дайындау, материалдарды қаттастыра жинау алаңдарын дайындау және т. б.);
- жұмыстарды жүргізудің қауіпті аймағының периметрі бойынша сигналдық қоршау орнату (МЕМСТ 23407-78 бойынша);
- уақытша электрмен жарықтандыру құрылғысы бойынша жұмыстарды орындау;
- объектіге керек-жарақтарды, құрал-саймандарды, мүкәммалды әкелу, олардың жұмыс қабілеттілігін тексеру;
- объектіге жеткізу және қажетті машиналар мен механизмдерді пайдалануға дайындау;
- қажетті материалдарды қажетті мөлшерде объектіге жеткізу және ЖЖЖ-ға сәйкес оларды қоймалауды ұйымдастыру;
- электр жабдықтарын электр қуат көздеріне қосуды қамтамасыз ету;
- жұмыс алдында жабдықтардың жарамдылығы мен жұмысқа қабілеттілігін мұқият тексеру керек;
- жеткізілген материалдар мен бұйымдардың сапасына кіріс бақылауын жүзеге асыру.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процесс талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Жұмыс орнында жабдықтарды, мүкәммалды орналастыру жұмыс жағдайлары қиындамайтындай, жүруге және құрал-саймандар мен керек-жарақтарды іздестіруге кететін артық уақыт шығындарын болдырмайтындай есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құрал-саймандар мен құрылғылардың саны алуға және оларды ауыстыруға ең аз уақыт жұмсаумен ауысым ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз етуге барынша қажетті болуы тиіс.

2.1.2 Жеңіл тас блоктардан жасалған құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы бойынша жұмыстарды келесі құрамдағы буын орындайды:

- 3-разрядты ағаш ұсталары (Аұ1, Аұ2) – 2 адам;
- 2-разрядты ағаш ұсталары (Аұ3, Аұ4) – 2 адам;
- 3-разрядты тас қалаушылар (Тк1, Тк2) – 2 адам;
- 4-разрядты арматурашы (А1, А2) - 2 адам;
- 3-разрядты арматурашы (А3, А4) - 2 адам;
- 4-разрядты бетоншы (Б1) - 1 адам;
- 4-разрядты бетоншы (Б2, Б3) - 2 адам;

- 2-разрядты көмекші жұмысшылар (Ж1, Ж2) – 2 адам.

Ілеспе жұмыстарды (ілемктеу, материалдарды жұмыс орнына әперу) орындау кезінде 2-разрядты құрылыс конструкцияларын монтаждаушылардың 2-разрядтан төмен емес біліктілігі бар такелажшы куәліктері болуы тиіс.

Жұмыстар кешеніне (қосалқы жұмыстарды орындау кезінде) мыналар қатысады:

- 5-разрядты автомобиль кранының машинисі (КМ) – 1 адам;

– 6-разрядты асфальтбетон сорғы машинисі (МА) – 1 адам;

- 5-разрядты автобетон сорғы машинисінің көмекшісі (АМК) – 1 адам.

Ілеспе жұмыстарды (бұйымдарды ілемктеу, ілемктен босату) орындау кезінде жол жұмысшыларында такелажшылардың (жүк ілдірушілердің) 2-разрядтан төмен емес аралас мамандығы болуы тиіс.

Электр жабдықтарымен жұмыс істейтін жұмысшылардың электр қауіпсіздігі бойынша II біліктілік тобы болуы керек.

2.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

2.2.1 Уақытша ағаш қалыпта құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабынды орындау технологиясы мынадай операциялардан тұрады:

- белгілеу;
- анкерлерге бекіте отырып, арқалықтардың астында көлденең тірек тақталарын белгілеу бойынша қабырғаға бекіту;
- анкерлерге бекіте отырып, көлденең тірек тақталарының астында тақталардан жасалған тік тіреулерді қабырғаға бекіту;
- тірек тақталарына арқалықтардың астындағы қалып тақтасын төсеу;
- қалып тақталарын унивилкалары бар телескопиялық тіреулермен нығайту;
- газды блоктарды өзара көбікпен толтыра отырып арқалықтарға және қалып тақтасына (арқалыққа) төсеу;
- бетонның қорғаныш қабатына арналған бекіткіштерді орната отырып, жоба бойынша арқалықтарды арқаулау;
- бетонның қорғаныш қабатына арналған бекіткіштерді орната отырып, көлемді қаңқаларды периметрі бойынша монтаждау;
- қорғаныш қабатын бүкіл бетке бекіте отырып құрылыс торын төсеу;
- тығыздай отырып аражабынды бетондау;
- қалыпты бөлшектеу.

Белгі бойынша жабылатын аралыққа астынан телескопиялық тіреулермен сүйелетін тақталар орнатылады. Ені 150 мм тақталар болашақ монолитті арқалықтар қалыбының төменгі бөлігі ретінде қызмет етеді және бір мезгілде газды бетон блоктарының тірегі болып табылады. Тақталардың жоғарғы жазықтығы қабырғаның соңғы қатарының жоғарғы жазықтығына сәйкес келуі керек. Тақта сүйеуіштері ретінде 2,0 – 2,5 м қадаммен ортаңғы осьтер бойымен телескопиялық тіреулер қолданылады, ал қабырғаларда тіреулер қабырғаға анкерлермен бекітілген бүікл биіктіктегі кесінді тақталар болып табылады.

Әрі қарай, тірек телескопиялық тіреулердің үстіңгі белгілерін бүкіл аражабынның бір белгісі бойымен реттеу және салыстырып тексеру жүзеге асырылады.

Аражабынды газды бетон қабырғаларға тіреу үшін қабырғалардың жоғарғы периметрі бойынша монолитті темірбетон белдеу жасалады. Ол үшін тақталар қабырғадан 5-6 см жоғары көтеріледі. Белдеудің төменгі арматуралық өзекшелері аражабын арқалықтарының арматуралық өзекшелерінің астында орналасуы тиіс. Белдеудің жоғарғы жазықтығы аражабын бетінің деңгейінде, ал белдеудің ені кемінде 12 см болып жасалады.

Ұзындығы 4,8—5,1 м-ден асатын аралықтары бар аражабындарда ықтимал иілудің орнын толтыру үшін орталық монтаждау тіреулерін аражабын ұштарының деңгейінен 10 мм жоғары көтеру ұсынылады. Ұзындығы 6 м-ден асатын арқалықтар үшін бұл көтерілу 15-20 мм болуы керек. Жеке тақталар арасындағы арақашықтық блоктардың ұзындығына және осы блоктардың тақталарға тірегінің шамасыны байланысты анықталады.

Әрі қарай тақталардың шеттеріне газды бетон блоктары төселеді. Бір-біріне тығыз басылған олар бір жағынан сенімді және жылы аражабынды құраса, екінші жағынан олардың бүйірдақ қырлары монолитті темірбетон арқалыққа арналған қалыптың бүйірлік бөлігі ретінде қызмет етеді, ал блоктардың үстіңгі беті бетоннан жасалған тұтастырғыш негізі ретінде қызмет етеді. Тұтастырғыштың қалыңдығы 50 мм. Қуыс түзгіш ретінде пайдаланылатын автоклавты газды бетоннан жасалған блоктарды (астарларды) бір-біріне желім-көбікпен бекітіп, қалыпқа салу ұсынылады.

Таңдалған блоктардың биіктігі және тұтастырғыштың қалыңдығы арқалықтың биіктігі болады, ал есептеуге сәйкес белгіленген блоктар арасындағы саңылау арқалықтың енін анықтайды (әдетте саңылау 150-250 мм).

Қабырғаларға арқалықтарды сүйеу тереңдігі 120 мм-ден кем болмауы керек. Сыртқы қабырғалардағы арқалықтардың бүйіржақтары қалыңдығы кемінде 30 мм жылытқыш қабатымен (ЭПП, XPS) жабылуы керек. Осылайша, тақта төменнен, қапталдан блоктардың бүйіржақтары «астау» құрады. Бұл кеңістікте арматуралық қаңқа немесе жеке өзекшелер қалып тақтасына салынады. Тұтастырғышты арқаулауға арналған бүкіл конструкцияның үстіне диаметрі 4-6 мм сымнан жасалған 100x100 мм арматуралық тор төселеді. Жұмыстарды жүргізу кезінде арматураға арналған қорғаныш қабаттарының сақталуын қадағалау керек.

Егер 1 және 2-типті аражабындарда көлденең күш тек бетонға түссе, онда қамыттарды орнату қажет емес. Жұмыс өзекшелерін бекіту үшін тек 500 мм қадаммен монтаждық аспалар түріндегі монтаждық арматураны орнату немесе жұмыс арматурасын жобалық жағдайда өзге де рұқсат етілген тәсілдермен сенімді бекіту керек. 3 және 4-типті аражабындар үшін көлденең күш тек бетонға түскен жағдайларда сәйкесінше 200 мм және 230 мм қадаммен қамыттарды орнату қажет. Көлденең күш тек бетонға түсетін жерлерде қырларды көлденең арқаулау ретінде тұйық қамыттарды да, монтаждық аспаларды да қолдануға рұқсат етіледі.

Арматураны орнатқаннан кейін, блоктардың бүйіржақтарын мұқият сулап, қысуға беріктігі бойынша В15–В20 класты ұсақ түйіршікті бетон қоспасын төсеу басталады. Бір мезгілде арқалықтарға, қабырғалардың периметрі бойынша монолитті белдеуге және блоктардың үстіндегі тұтастырғышқа бетон құйылады. Бетон қоспасын тығыздау қабатты нығыздау және түйреу арқылы немесе дірілдеткішпен жүзеге асырылады.

Төсеу орнында бетон қоспасының қозғалғыштығын судың көмегімен қалпына келтіруге жол берілмейді. Конструкцияларды бетондау үздіксіз жүргізілуі керек. Бетондау кезінде жұмыс жапсарларын көршілес қырлардан бірдей қашықтықта аражабын сөрелерінің бойымен

жайластыруға рұқсат етіледі, жұмыс жапсарлары ойықтардың үстіндегі байлау белдігін кесіп өтпеуі керек. Бетон қоспасын конструкциялардың қалыбына бос тастау биіктігі: аражабындар үшін 1,0 м-ден аспайды.

Жаңа төселген бетонның ашық беткі қабаттары бетондау аяқталғаннан кейін дереу судың булануынан және атмосфералық жауын-шашынның түсуінен бетонның кем дегенде 70% беріктігін қамтамасыз ететін мерзімге қорғалуы керек.

Аражабындар мен арқалықтардың жүктелмеген монолитті конструкциялары бетонының ең аз ширек беріктігі жобалық беріктіктің 80%-ынан кем болмауы керек.

Бетон жобалық беріктікке жеткенде, қалып бөлшектеледі. Бетон құю кезінде ұқыптылықты сақтау және блоктардың ығысуына жол бермеу маңызды.

Беріктік сұйық бетоннан жасалған цемент қоймалжыңы газды бетонның қуыстарына еніп, арқалық блоктармен біртұтас болатындығымен қамтамасыз етіледі. Мұндай аражабынның газды бетон блоктарының маркасы кемінде D500, беріктік класы кемінде B2 болуы тиіс.

2.2.2 Индустриялық қалыпта құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабынды орындау технологиясы мынадай операциялардан тұрады:


- белгілеу;
- жоба бойынша унивилкалары бар телескопиялық тіреулерді орын-орнына қою;
- унивилкаларға бойлық арқалықтарды төсеу;
- бойлық арқалықтарға қапсырмалардағы көлденең тарату арқалықтарын бекіту;
- пішумен және тарату арқалықтарына бекітумен ламинатталған жұқа тақтайдан жасалған палубаның тірек жүйесі арқылы жайып салу;
- белгіге сәйкес өзара және палубаға көбіктей отырып, газды блоктарды палубаға төсеу;
- бетонның қорғаныш қабатына арналған бекіткіштерді орната отырып, жоба бойынша арқалықтарды арқаулау;
- бетонның қорғаныш қабатына арналған бекіткіштерді орната отырып, көлемді қаңқаларды периметрі бойынша монтаждау;
- қорғаныш қабатын бүкіл бетке бекіте отырып құрылыс торын төсеу;
- тығыздай отырып аражабынды бетондау;
- қалыпты бөлшектеу.

Ламинатталған жұқа тақтайдан жасалған палубаны пайдаланған кезде, алдымен ұштағандары бар телескопиялық тіреулер белгі бойынша жайып қойылады, оларға унивилкалар кигізіліп, унивилкаларға бойлық арқалықтар орнатылады, тарату арқалықтары қапсырмалармен бойлық арқалықтарға бекітіледі және кесе отырып белгілермен тексерілген тірек жүйесі бойынша ламинатталған жұқа тақтайдан жасалған палуба жайып қойылып, тарату арқалықтарына шегелермен бекітіледі. Кейінгі жұмыс уақытша ағаш қалыпта құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабынды орындау технологиясымен бірдей.

Тірек бөлігінің схемасы 2.1-суретте көрсетілген.

Тірек конструкциясының жалпы көрінісі 2.2-суретте көрсетілген.

Қалыпты құрастыру, газды бетонды төсеу, арқаулау және бетондау процесі 2.3 – 2.9-суреттерде көрсетілген. Аражабын бойынша жайып салу схемасы 2.10-суретте көрсетілген. Арқаулау схемалары - 1-тип, 2-тип, 3-тип және 4-тип 2.11-суретте көрсетілген. Аралықты арқаулау схемалары 2,12-2,13-суреттерде көрсетілген.



2.1-сурет – Тірек бөлігінің схемасы




2.2-сурет – Тірек конструкциясының жалпы көрінісі



2.3-сурет - Газды блоктарды көбікпен толтыра отырып, аражабынға жайып салу



2.4-сурет – Арматуралық элементтерді дайындау



2.5-сурет - Аражабынды арқаулау



2.6-сурет – Құрылыс торын төсеу




2.7-сурет – Тығыздай отырып бетондау




2.8-сурет – Бетондалған аражабын




2.9-сурет – Бетондаудан кейін төменнен көрініс




2.10-сурет – Аражабын бойынша жайып салу схемасы



а)




б)




2.1-сурет – Аралық арқаулау схемалары

а – 1-тип, б – 2-тип, в – 3-тип, г – 4-тип.



2.12-сурет – Аралықты арқаулау схемасы

1 – белдік арматурасы, 2 – қамыт/монтаждық аспа диаметрі 6 мм А240 класты арматура, 3 – жұмыс арматурасы, 4 – анкерлік өзек.



2.13-сурет – Аралықты арқаулау схемасы

1 – белдік арматурасы, 2 – анкерлік өзек, 3-желім-көбікпен бекітілген газды бетон блоктары, 4 – жұмыс арматурасы, 5 - қамыт/монтаждық аспа диаметрі 6 мм А240 класты арматура

2.2.2 Тиеу-түсіру жұмыстары

Материалдарды түсіру, тиеу және жұмыстарды жүргізу орнына жеткізу ЖЖЖ бойынша жүк көтергіштікке ие автомобиль кранының көмегімен жүзеге асырылады.

2.2.3 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстарды орындағаннан кейін алаңды (жұмыс орындарын) қоқыстан тазарту қажет, механизмдер мен материалдарды қоймаға материалдық жауапты тұлғаға беру қажет.

2.3 Жеңіл тас блоктардан жасалған құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы жөніндегі операциялық карта А.3.2 кестесінде келтірілген.

А.3.2 кестесі – Жеңіл тас блоктардан жасалған құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы жөніндегі операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдықтар, құрал-саймандар, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	5-разрядты автомобиль кранының машинисі (КМ) - 1 адам; 6-разрядты автобетон сорғы машинисі (МА) - 1 адам; 5-разрядты автобетон сорғы машинисінің көмекшісі (АМК) - 1 адам; 3-разрядты ағаш ұсталары (Аұ1, Аұ2) – 2 адам; 2-разрядты ағаш ұсталары (Аұ3, Аұ4) – 2 адам; 3-разрядты тас қалаушы (Тқ1, Тқ2) – 2 адам; 4-разрядты арматурашы (А1, А2) – 2 адам; 3-разрядты арматурашы (А3, А4) – 2 адам; 4-разрядты бетоншы (Б1) – 1 адам; 3-разрядты бетоншы (Б2, Б3) – 2 адам; 2-разрядты көмекші жұмысшылар (Ж1, Ж2, Ж3, Ж4) – 4 адам.	Жұмыс буындары және машинистер тапсырма алады, жобалық құжаттаманы жұмыстарды жүргізу жобасын зерделейді және еңбекті қорғау мен ҚТ бойынша нысаналы нұсқамадан өтеді, жұмыс орындарына жұмысқа дайындайды, қоймадан құрал-саймандар мен керек-жарақтарды алады. Жұмыс аймағы және тасымалдау аймағы арнайы таспамен қоршалады.
Негізгі жұмыстар			

а.3.2-- кестенің соңы

1	2	3	4
Белгілеу және салыстырып тексеру арқылы тірек бөлігін құрастыру және монтаждау	Маркер, өлшеуіш, балға, перфоратор, бұрама шеге бұрағыш, құрылыс деңгей өлшегіші, өлшеу сызғышы, нивелирлі рейкасы бар нивелир, жүріс төсемі, төсенімдер, құрылыс тіктеуіші, электр ұзартқыш, жылжымалы баспалдақ, дискілі ара, қырғыш, металл шетка	Аұ1, Аұ2, Аұ3, Аұ4	<p>Аұ1, Аұ3 периметрлік көлденең тірек тақталарын арқалықтардың астына бекіту орындарын белгілейді, еденге телескопиялық тіреулерді орнату нүктелерін және қабырғалардағы көлденең тірек тақталарының астына тақталардан жасалған тік тіректерді бекіту орындарын белгілейді. Аұ4 қабырғаға тақталарды бекіту үшін анкерлік дюбельдерге тесіктер бұрғылайды. Аұ1, Аұ2, Аұ3 белгілеу бойынша аражабынның бүкіл периметрі бойынша көлденең тақтайларды анкерлік дюбельдерге бекітіледі. Осыдан кейін Аұ1, Аұ2 есептеуге сәйкес қадаммен қабырғаға анкерлік дюбельдермен бекіте отырып периметрлік көлденең тірек бөлігінің астына белгіленген жерлерде тақталардан тік тіректерді орнатады. Аұ3, Аұ4 жобаға сәйкес қадаммен белгі бойынша телескопиялық тіреулерді жайып қояды және орнатады. Осылайша, телескопиялық тіреулердің қажетті саны жиналып, жобалық жағдайға орнатылады. Әрі қарай әр тіреуге тірек арқалықтары салынған мүйізше тәрізді унивилкалар орнатылады.</p> <p>Аұ1, Аұ2, Аұ3, Аұ4 кейіннен тірек тақталарын периметрлік тақталарға бұраншегелермен бекіте отырып, газды блоктар астындағы тірек тақталарын жобаға сәйкес қадаммен бекітілген периметрлік тақталарға жайып салады. Аұ1, Аұ2 ішкі құбырдың сомындарын бұрап шығарып немесе бұрап бекітіп шеткі тіреулерді жобалық белгіге қояды, ортаңғы тіректердің тіреулерінің биіктігін жобалық белгіге орнатады, осылайша орнатылған тірек тақталарын тірек арқалықтармен сүйейді. Тірек (қалып) жүйесін құрастыру және орнату аяқталғаннан кейін нивелирдің көмегімен жобалық белгілерге телескопиялық тіреулерді бақылап салыстырып тексеру және реттеу жүргізіледі. Ламинатталған жұқа тақтадан жасалған палубаны пайдаланған кезде, алдымен ұштағандары бар телескопиялық тіреулер белгі бойынша жайып қойылады, оларға унивилкалар кигізіліп, унивилкаларға бойлық арқалықтар орнатылады, тарату арқалықтары қапсырмалармен бойлық арқалықтарға бекітіледі және кесе отырып белгілермен тексерілген тірек жүйесі бойынша ламинатталған жұқа тақтадан жасалған палуба жайып қойылып, тарату арқалықтарына шегелермен бекітіледі.</p>

а.3.2 - кестенің соңы

1	2	3	4
Автоклавты газды бетоннан жасалған блоктарды (газды блоктарды) тірек тақтайларына (немесе ламинатталған жұқа тақтайдан жасалған палубаға) төсеу	Автомобиль краны, ілмектер, электрлік дискілі ара, маркер, өлшеуіш, балға, жүріс төсемдері, металл қауға	КМ, Тқ1, Тқ2, Ж1, Ж2, Ж3, Ж4	Ж3, Ж4 қауғаны газды блоктармен толтырады және оны ілмектейді. КМ қауғаны аражабынға көтереді. Ж1, Ж2 газды блоктары бар қауғаны қабылдайды және жұмыс процесін ұйымдастыруға сәйкес ішіндегісін аражабындағы арнайы бөлінген қоймалау орнына түсіреді. Түсіруден кейін КМ кейіннен газды блоктарды аражабынға беру үшін көтеру және түсіру пәрменін береді. Ж3, Ж4 қауғаны қабылдайды және аражабынға беру үшін газды блоктар жүктейді. Осылайша, аражабында жұмыс істейтін тас қалаушыларды газды блоктармен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Ж1, Ж2 алдын ала төселген төсемдер бойымен жүре отырып газды блоктарды төсеу орнына әкеледі. Тқ1, Тқ2 газды блоктарын тірек тақталарына төсейді, газды блоктардың өзара және тірек тақтасы арасындағы түйіспелерін монтаждау көбігімен нығайтады. Осылайша, блоктар бүкіл аражабын бойымен төселеді. Қажет болған жағдайда төсеу үшін газды блок қол арамен кесіледі.
Жетек станогында диаметрі 16 мм АІІ класты арматуралық өзекшелерді кесу және ию	Жетек станогы (гильотина), июге арналған жетек станогы, өлшеуіш, маркер	А1, А2, А3, Ж1, Ж2	А2 кесу нүктелерін белгілейді. А1 берілген өлшем бойынша шеберүстелге тіреуішті орнатады. Ж1, Ж2 арматураны әкеледі және оны кесу үшін станоктың жұмыс органына салады. А1 жетек станогында өзекті белгіленген өлшемі бойынша кеседі. А2 арматураны кесу кезінде ұстап тұрады және кесілген өзекшелерді жұмыс орны аумағында уақытша қоймалайды. Ж1, Ж2 арматуралық цехтан кесілген өзекшелерді кранның жұмыс аймағына тасиды. Ж2 арматуралық өзекшелерді 10 м-ге дейінгі қашықтыққа әкеледі. А3 иілу нүктелерін белгілейді және станоктарды баптайды. А3 тіреуіш бойымен өзекшені орнатады және өзекшені берілген конфигурация бойынша қайырады. А3 қамыттарды станоктың үстелінен алып тастайды, ал Ж2 кран жебесінің шығымы шегінде қоймалайды.

а.3.2 - кестенің соңы

1	2	3	4
Ригель қамыттарына арналған жетек станогында диаметр 6 мм тегіс арматураны кесу	Жетек станогы (гильотина), маркер	А3, Ж2	А3 кесу нүктелерін белгілейді және берілген өлшем бойынша шеберүстелге тіреуіш орнатады. Ж2 арматураны әкеледі және оны кесу үшін станоктың жұмыс органына салады. А3 жетек станогында өзекті белгіленген өлшемі бойынша кеседі. Ж2 арматуралық цехтан кесілген өзекшелерді кранның жұмыс аймағына тасиды.
Электр бұрыштық ажарлағыш машина көмегімен тоқу сымын кесу	Электр бұрыштық ажарлағыш машина, маркер	А4, Ж1	А4 бекітілген ағаш негізге тоқу сымының орамасын салады. А2 электр бұрыштық ажарлағыш машинаны қосады және берілген өлшемге сәйкес орамды кеседі. А4 электр бұрыштық ажарлағыш машинаны өшіреді, ал кесілген бөліктерді сыммен бұрап, Ж1 уақытша қоймалау орнына тасымалдайды.
Диаметрі 6 мм А240 класты арматурадан жасалған қамыттарды ию және дайындау	Ию станогы (гильотина), маркер	А3, Ж2	Ж2 арматуралық өзекшелерді 10 м-ге дейінгі қашықтыққа әкеледі. А3 иілу нүктелерін белгілейді және станоктарды баптайды. А3 тіреуіш бойымен өзекшені орнатады және өзекшені берілген конфигурация бойынша қайырады. А3 қамыттарды станоктың үстелінен алып тастайды, ал Ж2 кран жебесінің шығымы шегінде қоймалайды.
Көлемді қаңқа дайындау	Автомобиль краны, балға, арматураны тоқуға арналған ілмек	А1, А2, Ж1, Ж2	А1, А2 жоғарғы бойлық өзекшелерді тіреуішке қойып, қамыттарды іліп қояды. А2 өзекшелерде олардың орналасу орындарын белгілейді. А1 таңбалау бойынша жайып салады және жоғарғы өзекшелерге сыммен тоқиды. Әрі қарай, А1, А2 төменгі бойлық өзекшелерді қамыттарға салып, қамыттарға сыммен тоқиды. Ж1, Ж2 дайын қаңқаны кран көмегімен төсемелерге қоймалау алаңына қояды.

а.3.2 - кестенің соңы

1	2	3	4
15	Материалдарды (жүктерді) көліктен объект жанындағы қоймаға жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен түсіру, БНЖБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	21	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	4,62 (2,31) (2,31)
16	Материалдарды (жүктерді) объект жанындағы қоймадан жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен тиеу, БНЖБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	21	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	4,62 (2,31) (2,31)

кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
17	Материалдарды (жүктерді) жұмыстарды жүргізу орнында жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен түсіру, БНжБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	21	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Акселажшы	6 2	1 2	4,62 (2,31) (2,31)
18	Материалдарды (жүктерді) жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен беру, БНжБ § Е1-6, №2, 17 (а+б+в+г) кесте	т	21	0,4 (0,2)	Кран машинисі Акселажшы	6 2	1 2	8,4 (4,2)
ЖИЫНЫ: 22,26 адам-сағ Автомобиль краны 25т: 11,13 маш.- сағ Бортты автомобиль: 6,93 маш.- сағ								
БАРЛЫҒЫ: 106,299 адам-сағ Автомобиль краны 25т: 11,13 маш.- сағ Бортты автомобиль: 6,93 маш.- сағ Дискілі ара: 0,5104 маш.- сағ Арматураны кесуге арналған жетек станогы: 1,432 маш.- сағ Арматураны июге арналған жетек станогы: 2,216 маш.- сағ Бұрыштық ажарлағыш машина: 0,117 маш.- сағ Авто бетон сорғы: 1,336 маш.- сағ Тереңдіктегі дірілдеткіш: 0,737 маш.- сағ Компрессор: 0,298 маш.- сағ								

Палуба бойынша жеңіл тас блоктардан жасалған 1,0 м2 құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындар құрылғысына арналған есептеу:

106,299 / 127,6 = 0,833 адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

11,13 / 127,6 = 0,0872 маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану;

6,93 / 127,6 = 0,0543 маш.-сағ – бортты автомобильді пайдалану;

$0,5104 / 127,6 = 0,004$ адам-сағ – дискілі араны пайдалану;
 $1,432 / 127,6 = 0,0112$ маш.-сағ – арматураны кесуге арналған жетекті станокты пайдалану;
 $2,216 / 127,6 = 0,0174$ маш.-сағ – арматураны июге арналған жетекті станокты пайдалану;
 $0,117/127,6 = 0,001$ адам-сағ – бұрыштық ажарлағыш машинаны пайдалану;
 $1,336 / 127,6 = 0,0105$ адам-сағ – автобетон сорғысын пайдалану;
 $0,737 / 127,6 = 0,00578$ адам-сағ – тереңдіктегі дірілдеткішті пайдалану;
 $0,298 / 127,6 = 0,00234$ адам-сағ – жылжымалы компрессорды пайдалану.

А.3.12 кестесі – Жеңіл тас блоктардан (600x300x300мм газды бетон блоктары бар палуба бойымен) құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындардың құрылғысы бойынша №4 еңбек шығындарының калькуляциясы

Жұмыстардың көлемі – 127,6 м2 аражабын (аражабын қалыңдығы – 350 мм)

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам-сағ бірлігіне уақыт нормасы (маш.- сағ)	Буын құрамы			Адам-сағ көлеміне еңбек шығындары (маш.- сағ)
					Кәсіп	Разряд	Саны	
1	Белгілеу және салыстырып тексеру арқылы тірек бөлігін құрастыру және монтаждау	м2	127,6	0,109 (0,004)	Ағаш ұстасы Ағаш ұстасы	3 2	2 2	13,908 (0,5104) ара
2	Автоклавты газды бетоннан қасалған блоктарды (газды блоктарды) палубаға төсеу	м3	28,9	0,599	Тас қалаушы Көмекші жұмысшылар	3 2	2 2	17,311
3	Үш данадан жетек станогында диаметрі 16 мм арматуралық өзекшелерді кесу, кесілген өзекшелердің ұзындығы 10,8 м болғанда – 16 дана (0,273 т)., 11,4 м болғанда – 36,0 дана (0,648 т).,	т	1,005	1,158 (0,579)	Арматурашы	3	2	1,164 (0,582) к. станок

а.3.12- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
4	Үш данадан жетек станогында диаметрі 16 мм арматуралық өзекшелерді кесу, кесілген өзекшелердің ұзындығы 1,0 м болғанда – 24,0 дана (0,0379 т)	т	0,0379	2,639 (2,639)	Арматурашы	3	1	0,1 (0,1) к. станок
5	Кесілген өзекшелердің келесі ұзындығында жетек станогында диаметрі 16 мм арматуралық өзекшелерді ию: 1,0 м – 24,0 дана (0,0379 т) – 3 өзекшеден бір иіліс	т	0,0379	3,0871 (3,0871)	Арматурашы	3	1	0,117 (0,117) и. станок
6	Жетек станогында 9 дана диаметрі 6 мм А240 класты арматураны кесу, кесілген өзекшелердің ұзындығы 1,26 м болғанда – 108 дана, 1,16 м болғанда – 223,0 дана, 1,05 м болғанда – 320 дана (аспаларға)	т	0,1652	4,842 (4,842)	Арматурашы	3	1	0,8 (0,8) к. станок
7	Ию станогында 9 дана диаметрі 6 мм А240 класты арматурадан жасалған қамыттарды ию және дайындау, кесілген өзекшелердің ұзындығы 1,26 м болғанда – 108 дана, 1,16 м болғанда – 223,0 дана, 1,05 м болғанда – 320 дана (аспаларға)	т	0,1622	14,203 (14,203)	Арматурашы	4	1	2,304 (2,304) и. станок
8	Электр бұрыштық ажарлағыш машина көмегімен тоқу сымын кесу	т	0,016	7,313 (7,313)	Арматурашы	3	1	0,117 (0,117) бұрыш
9	Құрылыс салу жағдайында тікбұрышты қималы көлемді қаңқаларды дайындау	т	0,505	21,915	Арматурашы Арматурашы	4 3	1 1	11,067

а.3.12--- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
15	Материалдарды (жүктерді) көліктен объект жанындағы қоймаға жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен түсіру, БНжБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	23,5	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	5,17 (2,585) (2,585)
16	Материалдарды (жүктерді) объект жанындағы қоймадан жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен тиеу, БНжБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	23,5	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	5,17 (2,585) (2,585)
17	Материалдарды (жүктерді) жұмыстарды жүргізу орнында жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен түсіру, БНжБ § Е1-5, №2, 2(а+б) кесте	т	23,5	0,22 (0,11) (0,11)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	5,17 (2,585) (2,585)
18	Материалдарды (жүктерді) жүк көтергіштігі 25 т-ға дейін өздігінен жүретін жебелі крандармен беру, БНжБ § Е1-6, №2, 17 (а+б+в+г) кесте	т	23,5	0,4 (0,2)	Кран машинисі Такелажшы	6 2	1 2	9,4 (4,7)
<p style="text-align: right;">ЖИЫНЫ: 24,91 адам-сағ Автомобиль краны 25т: 12,455 маш.- сағ Бортты автомобиль: 7,755 маш.- сағ</p>								

кестенің соңы

1	2
	БАРЛЫҒЫ: 111,224 адам-сағ
	Автомобиль краны 25т: 12,455 маш.- сағ
	Бортты автомобиль: 7,755 маш.- сағ
	Дискілі ара: 0,5104 маш.- сағ
	Арматураны кесуге арналған жетек станогы: 1,482 маш.- сағ
	Арматураны июге арналған жетек станогы: 2,421 маш.- сағ
	Бұрыштық ажарлағыш машина: 0,117 маш.- сағ
	Авто бетон сорғы: 1,488 маш.- сағ
	Тереңдіктегі дірілдеткіш: 0,821 маш.- сағ
	Компрессор: 0,332 маш.- сағ

Палуба бойынша жеңіл тас блоктардан жасалған 1,0 м² құрастырмалы-монолитті жиі қырлы аражабындар құрылғысына арналған есептеу:

101,279 / 127,6 = 0,872 адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

12,455 / 127,6 = 0,0976 маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану;

7,755 / 127,6 = 0,0608 маш.-сағ – бортты автомобильді пайдалану;

0,5104 / 127,6 = 0,004 адам-сағ – дискілі араны пайдалану;

1,482 / 127,6 = 0,0116 маш.-сағ – арматураны кесуге арналған жетекті станокты пайдалану;

2,421 / 127,6 = 0,0190 маш.-сағ – арматураны июге арналған жетекті станокты пайдалану;

0,117/127,6 = 0,001 адам-сағ – бұрыштық ажарлағыш машинаны пайдалану;

1,488 / 127,6 = 0,0117 адам-сағ – автобетон сорғысын пайдалану;

0,821 / 127,6 = 0,00643 адам-сағ – тереңдіктегі дірілдеткішті пайдалану;

0,332 / 127,6 = 0,0026 адам-сағ – жылжымалы компрессорды пайдалану.

А.4 Үй-жайларда резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу

15. Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Осы технологиялық процестерді нормалаудың нәтижелері (бұдан әрі мәтін бойынша - ТПНН) үй-жайларда резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеуді қарастырады.

1.1 Спорттық жабын

Жабын ені 1250 мм, қалыңдығы 6, 8, 10 және 13 мм нақты объекті үшін тапсырыспен зауытта жасалған, полиэтилен үлдірге оралған орамдарда жеткізіледі. Орамдар 55-тен 90 м²-ге дейін өлшеммен жеткізіледі.

Температураның пайдалану режимі -50-ден + 70 °С-қа дейін.

Спорттық жабын көліктің осы түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Спорттық жабынның әр топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы керек.

Жабын ылғалдың, тікелей күн сәулесінің, жылудың әсерін болдырмайтын жағдайларда, сондай-ақ жанғыш материалдарды сақтау қағидаларын орындай отырып сақталуы керек.

Орамдар бір қатарға қойылып тік күйде сақталуы және тасымалдануы керек.

Орамдық резеңке жабынның жалпы көрінісі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет - Орамдық резеңке жабындар

1.2 Екі құрауышты полиуретанды желім

Жабын төсемдерін негізге жабыстыру үшін екі құрауышты полиуретанды желім (бұдан әрі мәтін бойынша - желім) немесе оның аналогы қолданылады.

Желім 10 кг ыдыстармен жеткізіледі және көліктің осы түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Желімі бар ыдыс жабық қойма үй-жайларында плюс 5 °C төмен емес температурада сақталады.

Желімнің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.

Полиуретанды желімнің жалпы көрінісі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет - Полиуретанды желімнің жалпы көрінісі

1.3 Еріткіш

Сұйылту және үлкен иілімділік үшін екі құрауышты желімге еріткіш немесе оның аналог қосылады. Еріткіш МЕМСТ 18188 талаптарына сәйкес келуі керек.

Еріткіштің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

Еріткіш тығыз жабылған дайындаушы зауыттың ыдысына келіп түседі және көліктің осы түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады.

Еріткіштер MEMCT 18188-ге сәйкес арнайы жабдықталған жабық қоймаларда және осы мақсатқа арналған орындарда 0-ден плюс 10° С-қа дейінгі температурада сақталады.

1.4 Терең енетін тегістегіш

Тегістегіш беткі қабаттарды өңдеуге арналған. Сіңіргіш негіздердің барлық түрлерін өңдеу үшін қолданылады. Жоғары ену қабілетіне ие, негіздердің сіңіргіштігін төмендетеді, шаңды будалайды, беткі қабатты нығайтады, жұқа қабатты тегістеу қоспаларының кебуінің алдын алады, материалдардың негізге ілінісуін арттырады, еден қоспаларының жайылғыштығын арттырады және ауа көпіршіктерінің пайда болуының алдын алады. 10 кг қаптамаларда жеткізіледі.

Тегістегіштің жалпы көрінісі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – Тегістегіштің жалпы көрінісі

2 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

2.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

2.1.1 Үй-жайларда резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу бойынша жұмыстар ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2022 және жобалық құжаттама талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

2.1.2 Резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу бойынша жұмыстарды бастамас бұрын келесі ұйымдастырушылық-техникалық шараларды орындау қажет:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні тағайындау;

- резеңке жабынды салу учаскесіндегі барлық құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау;
- орындалған жұмыстар актісі бойынша белгіленген учаскені қабылдау;
- қажетті құралдарды, құрылғыларды дайындау;
- жұмысшыларды техникалық құжаттамамен таныстыру;
- қолданыстағы нормаларға және орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес жұмыс істеушінің санитарлық-тұрмыстық еңбек және демалыс жағдайларын сақтау мәселесін шешу;

- орамдық материалды қармаулар бойынша жолдың периметрі бойымен біркелкі жайып қою;
- материалдардың кіріс бақылауын жүзеге асыру;
- электр желісіне қосылу нүктелерін нақтылау;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды орындау, жұмысшыларға қажетті нұсқама жүргізу;
- МЕМСТ 12.1.046-ға сәйкес жұмыс орындарын жарықтандыруды ұйымдастыру;
- жұмыс орнын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процесс талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Жұмыс орнында жабдықтарды, мүкәммалды орналастыру жұмыс жағдайлары қиындамайтындай, жүруге және құрал-саймандар мен керек-жарақтарды іздестіруге кететін артық уақыт шығындарын болдырмайтындай есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құрал-саймандар мен құрылғылардың саны алуға және оларды ауыстыруға ең аз уақыт жұмсаумен ауысым ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз етуге барынша қажетті болуы тиіс.

Құрал-саймандар мен құрылғылар жұмыс орнында белгілі бір пайдалану үшін ыңғайлы тәртіпте орналастырылуы тиіс.

Жабдықтарды алаңға түсіру механикаландырылған түрде жүзеге асырылады.

2.1.3 Жұмыстарды жүргізу шарттары мен ерекшеліктері:

- жабынның құрылғысы бойынша жұмыстар қоршаған ауаның температурасы плюс 15 °С-тан төмен емес және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын жағдайда орындалады;

- бетон (асфальтбетон) негізді төсегеннен кейін 28 күннен ерте жабын құрылғысына жол беріледі;
- бетон (асфальтбетон) негіздің еңісі 0,5-тен 1%-ға дейін болуы керек;
- бетон (асфальтбетон) негіздің ылғалдылығы 5%-дан аспайды (қажет болған жағдайда негізді жылу генераторларымен кептіру керек);
- атмосфералық жауын-шашын кезінде ашық алаңдарда жабын құрылғысына жол берілмейді;
- жабық үй-жайларда жабын құрылғысы бойынша жұмыстарды жүргізу МЕМСТ 12.4.021 талаптарына сәйкес ағынды-сорып шығару желдеткіші болған кезде орындалуға тиіс;

- жабын қолмен төселеді.

2.1.4 Резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу бойынша жұмыстарды келесі буын орындайды:

- 4-разрядты синтетикалық материалдармен қаптаушы (Қ1) (бұдан әрі мәтін бойынша - қаптаушы) - 1 адам;

- 3-разрядты синтетикалық материалдармен қаптаушы (Қ2, Қ3) (бұдан әрі мәтін бойынша - қаптаушы) - 2 адам;

- 2-разрядты синтетикалық материалдармен қаптаушы (Қ4) (бұдан әрі мәтін бойынша - қаптаушы) - 1 адам.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

-4-разрядты кран-манипулятор жүргізушісі - 1 адам.

3 және 2-разрядты қаптаушылардың 2-разрядтан төмен емес такелажшы аралас мамандығы болуы тиіс.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- ж/к 5 т-ға дейінгі бортты автомобильдің 4-разрядты жүргізушісі (Жү) – 1 адам.

2.1.5 Тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде жабдықтың сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Сақтау кезінде қарап тексеру үшін қолжетімділік қамтамасыз етілуі және жабдықтарды механикалық зақымданудан сақтайтын жағдайлар жасалуы керек.

2.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Реzeńке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу бойынша жұмыстар келесі технологиялық ретпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар;

г) қорытынды жұмыстар.

2.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмыстарды жүргізуді бастамас бұрын жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмыстарды жүргізу тәртібі және олардың қауіпсіз орындалуы туралы тапсырма, нұсқаулар алады, қолдарын қойып еңбекті қорғау жөніндегі нысаналы нұсқама алады, қолдарын қойып жобаның жұмыс сызбаларымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен және осы үлгілік технологиялық картамен танысады, құрал-саймандар, құрылғылар мен жеке қорғану құралдарын алады.

2.2.2 Негізгі жұмыстар

2.2.2.1 Негізді дайындау (тазарту)

Жабынның құрылғысы бойынша жұмыстарды орындамас бұрын негіз өнеркәсіптік шаңсорғыштың (ауа үрлегіштің) және еденге арналған пластмасса щетканың көмегімен шаңнан, кірден және қоқыстан тазартылады.

2.2.2.2 Орамдарды жаймалау және түзету

Жабынның орамдары негізге жазылып, ол өлшенеді, қажетті төсемдерге өлшеміне қарай кесіледі және бір-біріне қиыстырылады. Төселген жабынның деформациялануын болдырмау және іргелес төсемдердің мінсіз түйісуіне қол жеткізу үшін төсемдер жазылып, түзетілуі керек.

Орамдық жабынды жаймалау және кесу 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – Орамдық жабынды жаймалау және кесу

2.2.2.3 Екі құрауышты полиуретанды желімді дайындау

Пластик таза ыдыста желім дайындау үшін А құрауышы (полиуретанды байланыстырғыш) Б құрауышымен (қатайтқыш) араластырылады және 3-5 минут бойы біртекті масса алу үшін айналу жылдамдығы минутына 300 айналымнан аспайтын себет түріндегі саптамасы бар электр бұрғының көмегімен араластырылады.

Үлкен иілімділік үшін желімге қажетті консистенция алынғанға дейін араластыра отырып кішкене бөліктермен еріткіш қосылады.

Дайындалған желім тісінің өлшемі 2 мм тісті қалақшамен біркелкі жаза отырып негізге жағылады. Желімді тісті қалақшамен негізге жағу.

2.2.2.3 Жабынды негізге төсеу және желімдеу


Төсемдерді орнынан жылжытпай түзеткеннен кейін, екі іргелес төсемнің жиектері ортасынан шетіне қарай бүгіледі.

Дайындалған желім тісінің өлшемі 2 мм тісті қалақшамен біркелкі жаза отырып негізге жағылады. Желімді тісті қалақшамен негізге жағу 5-суретте көрсетілген.



5-сурет – Желімді негізге жағу

Желімді жаққаннан кейін төсемдердің жиектері түсіріліп, басылады, олар 6-суретке сәйкес бүкіл ұзындығы бойына ең төмен тігіс пайда болғанша бір-біріне тартылады.



6-сурет – Төселген орамдық жабын

Төсемдердің жиектері жүкпен (кірпіш, аяқжол тақталары) басылады. Бір қума метрге 10 кг түзу сызықты учаскелерде жүктерді орнату. Жабынның шығыңқы жиектері пышақпен кесіледі.

2.2.2.3 Жабынның бетін тазалау

Төселген жабын түпкілікті кептірілгеннен кейін оның беті өнеркәсіптік шаңсорғышпен немесе ауа үрлегішпен тазаланады.

2.2.3 Қосалқы жұмыстар

Механизмді жұмыс алаңына түсіру қолмен орындалады.

2.2.4 Қорытынды жұмыстар

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқысынан тазартуды орындайды, механизм мен құрылғыларды тазалайды және оларды қоймаға тапсырады.

3. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

3.1 Материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы А.4.1 кестесінде келтірілген.

Машиналар, механизмдер, жабдықтарды, технологиялық жарақтар, құрал-саймандар, мүкәммал мен құрылғылардың тізбесі А.4.2 кестесінде келтірілген.

А.4.1 кестесі – Материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы

Көлемі - 100 м² жабын

Р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлш. бірл.	Саны, қалынд. мм
1	2	3	4	5
1	Орамдық жабын	ҚР СТ ГОСТ Р ЕН 1177-2010	м2	102
2	Екі құрауышты полиуретанды желім	МЕМСТ 30535-97	кг	102
3	Желім құрамына арналған еріткіш	МЕМСТ 18188-72	кг	6,8
4	Терең енетін тегістегіш	МЕМСТ 25129-2020	кг	20

А.4.2 кестесі – Машиналар, механизмдер, жабдықтар, технологиялық жарақтар, құрал-саймандар, мүкәммал мен құрылғылардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	2	3	4	5	6
1	Кран манипулятор	—	Құралдарды, материалдарды тасымалдау	ж/к 5 т	1

а.4.2- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
2	Өнеркәсіптік шаңсорғыш		Қоқыс жинау	0,55 кВт	1
3	Себет түріндегі саптамасы бар электр бұрғы (бұлғауыш)		Желімді араластыру		1
4	Тісті қалақша		Негізге желім жағу		1
5	Нивелир және нивелирлік рейка		Бақылау өлшемдері		1
6	Термометр		Ауа температурасын өлшеу		1
7	Өлшеуіш металл сызғыш		Сызықтық өлшемдер		1
8	Өлшеу рулеткасы		Сызықтық өлшемдер		1
9	Бақылау рейкасы		Сызықтық өлшемдер		1
10	Пышақ		Жиектерді кесу		1
11	Щетка		Қоқыс жинау		1
12	Қол арба		Материалдарды тасымалдау		1
13	Арнайы киім	МЕМСТ 12.4.100	Қорғау құралдары	—	4 жиынтық
14	Резеңке қолғап	МЕМСТ 12.4.010	Қорғау құралдары	—	4 жұп
15	Құрылыс етігі	МЕМСТ 5375	Қорғау құралдары	—	4 жұп
16	Қорғаныш көзілдірігі	МЕМСТ 12.4.013	Көру мүшелерін қорғау	—	4
17	Дәрі қобдиы	—	Алғашқы көмек көрсету құралы	—	1

а.4.2-- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
18	Орамдық жабынды нығыздауға арналған біліктемдер		Орамдық жабынды нығыздау	Салмағы 30-50 кг	1

4 Еңбек шығындарының калькуляциясы және нормалау

4.1 Резеңке үгіндісінен жасалған спорттық орамдық жабындарды төсеу бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған еңбек шығындарын нормалау жүргізілген хронометраждық жұмыстар негізінде орындалды.

4.2 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

,

мұндағы, Ш – еңбек шығындары, адам-сағ.;

Ш₁ – нақты объектіде нормаланған жұмыстардың түрлеріне арналған минуттардағы еңбек шығындары;

n-нормалау сәтінде белгілі бір жұмыс түрімен айналысатын жұмысшылар саны.

4.3 Технологиялық порцестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы операциялары нормаларда ескерілді, бірақ жұмыстардың құрамында ескертілмеді.

4.4 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге, демалуға және жеке қажеттіліктерге үзілістерге арналған жұмыс уақытының шығындары ескерілген.

а.4.3- кестенің соңы

1								
Қосалқы жұмыстар								
1	Алаңдағы материалдарды түсіру	т	1,236	1,144	Кран манипулятор, ж/к 5 т-ға дейін		1	1,414
				0,381	Қаптаушы	3	2	0,314
					Қаптаушы	2	1	0,157
2	Материалдарды (жүктерді) қол арбалармен 50 м-ге дейінгі қашықтыққа тасымалдау	т	1,236	1,280	Қаптаушы	2	1	1,582
ЖИЫНЫ (адам-сағ):								2,054
Кран манипулятор, ж/к 5 т-ға дейін (маш-сағ):								1,414
БАРЛЫҒЫ (адам-сағ):								38,219
Өнеркәсіптік шаңсорғыш (маш-сағ):								3,748
Себет түріндегі саптамасы бар электр бұрғы (маш-сағ):								0,667
Кран манипулятор, ж/к 5 т-ға дейін (маш-сағ):								1,414

1 м2 орамдық жабынға еңбек шығындарын есептеу:

0,382 адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

0,037 маш-сағ – өнеркәсіптік шаңсорғышты пайдалану;

0,007 маш-сағ – себет түріндегі саптамасы бар электр бұрғыны пайдалану (маш-сағ);

0,014 маш-сағ - ж/к 5 т-ға дейін кран манипуляторды пайдалану (маш-сағ).

А. 5 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды дайындау (өрт сатылары және басқалар)

16. Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

1.1 Болат бұрыштар

Болат бұрыш - фасондық металл илектің бір түрі, бұйым – ыстықтай илемделген металл илек технологиясы бойынша немесе суықтай илемделген немесе ыстықтай илемделген металл табакты ию әдісімен дайындалатын көлденең қималы Г тәрізді пішін.

Конфигурациясы бойынша бұрыштар тең және тең емес сөрелі болып бөлінеді.

Тең сөрелі бұрыш

Екі жағының (сөрелерінің) мәндері тең металл бұйымдар тең сөрелі деп аталады. Бойлық қимада салыстырмалы түрде салмағы жеңіл және беріктік сипаттамалары жоғары. Сөрелінің ені 20 мм-ден 250 мм-ге дейін, сөрелінің қалыңдығы 3-тен 30 мм-ге дейін өзгереді.

Тең сөрелі емес бұрыш

Бүйірлік сөрелерінің ені әр түрлі металл илек тең емес сөрелі деп аталады. Геометриялық өлшемдері: сөрелінің қалыңдығы 3-тен 16 мм-ге дейін, үлкен сөрелінің ені 25 - 200 мм, кіші сөрелінің ені 16-дан 125 мм-ге дейін.

Бұрыштар МЕМСТ 8509-93 «Ыстықтай илемделген тең сөрелі болат бұрыштар» және МЕМСТ 8510-86 «Ыстықтай илемделген тең сөрелі емес болат бұрыштар» талаптарына сәйкес дайындалуы керек.

Илектеу дәлдігі бойынша мынадай бұрыштар дайындалады:

А - жоғары дәлдікті;

В - кәдімгі дәлдікті.

Болат бұрыштардың жалпы көрінісі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Болат бұрыштардың жалпы көрінісі

Бұрыштар 4-тен 12 м-ге дейін ұзындықпен дайындалады:

- өлшемдік ұзындық;
- еселік өлшемдік ұзындық;
- өлшемдік емес ұзындық;
- өлшемдік емес шегінде шектелген ұзындық;
- топтама массасының 5%-нан аспайтын өлшемдік емес ұзындықпен өлшемдік ұзындық: топтама массасының 5%-нан аспайтын өлшемдік емес ұзындықпен еселік өлшемдік ұзындық.

Ұзындығы 12 м-ден асатын бұрыштар дайындауға рұқсат етіледі.

Бұрыштарды ылғалдан барынша қорғалған жерде сақтау керек. Қойма жақсы желдетіліп, өнімді жауын-шашыннан қорғауы, металдың еденмен немесе ашық топырақпен жанасуына жол бермеуі керек.

Болат, әдетте, орнықты қатарларға салына отырып жабық үй-жайларда сақталуы керек. Болатты ашық ауада сақтау кезінде оған су ағынын қамтамасыз ететін еңіс жасалуы керек.

Бұрыштар көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау қағидаларына және жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Бұрыштың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

1.2 Арматура

Тегіс арматура – көлденең қимада тегіс шеңбер болып табылатын созылық пішінді металл илек бұйымдары, дайындауға арналған материалдар СтЗкп, СтЗпс, СтЗсп маркалы көміртекті болат болып табылады.

Арматура мына құжаттың талаптарына сәйкес дайындалуы керек: МЕМСТ 34028-2016 «Темірбетон конструкцияларға арналған арматуралық илек. Техникалық шарттар».

Тегіс профильді арматуралық өзекшелердің жалпы көрінісі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет – Тегіс профильді арматуралық өзекшелердің жалпы көрінісі

Техникалық сипаттамалары:

- профиль диаметрі - 6 - 40 мм;
- аққыштық шегі - 235 Н/мм²;
- үзілуге уақытша кедергісі - 373 МПа;
- ию кезіндегі салыстырмалы ұзарту - 25%.

Құрылыс объектісіне арматуралық өзекшелер типтік өлшемдері бойынша шыбықтарда пакеттермен жиынтықталған күйде

жеткізіледі.

Илек көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау қағидаларына сәйкес жабық және ашық көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Арматуралық өзекшелерді тасымалдау, қаттастыра жинау және сақтау қолданыстағы НТҚ талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

Арматуралық бұйымдарды тасымалдау, тиеу, түсіру кезінде оларды деформация мен қисаюдан қорғау бойынша шаралар қабылданады.

Қаттастыра жинау кезінде арматуралық өзекшелер қалыңдығы кемінде 30 мм ағаш төсемдерге салынады.

Арматуралық өзекшелер мен бұйымдар қатарының биіктігі 1,5 м-ден аспауы тиіс.

Арматуралық бұйымдарды қаттастыра жинау және сақтау брезенттен, полиэтилен үлдірден жасалған қалқаның немесе жабынның астында жүзеге асырылуы тиіс.

Арматураның әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

1.3 Болат жолақтар


Болат жолақ – бұл тұтас профиль түрінде металдан жасалған бұйым. Тікбұрышты көлденең қималы тұтас профиль түрінде ыстықтай илемделген илек тәсілімен дайындалады. Ыстық илемделген жолақ – бұл профильдің ені 10-нан 200 мм-ге дейін болғанда, қалыңдығы 4-тен 80 мм-ге дейін сұрыпты илек түрі.

Болат жолақтар мына құжаттың талаптарына сәйкес дайындалуы керек: МЕМСТ 103-2006 «Ыстықтай илемделген сұрыпты болат жолақты илек». Сұрыпталым».

Илек мынадай ұзындықпен дайындалады:

- 2-ден 12 м-ге дейін қоса алғанда - төмен қоспаланған және фосфорлы қарапайым сападағы көміртекті болаттан;
- 2-ден 6 м-ге дейін қоса алғанда - көміртекті сапалы және қоспаланған болаттан.

Болат жолақтардың жалпы көрінісі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – Болат жолақтардың жалпы көрінісі

Болат, әдетте, орнықты қатарларға салына отырып жабық үй-жайларда сақталуы керек. Болатты ашық ауада сақтау кезінде оған су ағынын қамтамасыз ететін еңіс жасалуы керек.

Болат жолақтар көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау қағидаларына және жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Болат жолақтардың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуы тиіс.

1.4 Дәнекерлеу электродтары

Электрод – дөңгелек қималы металл өзекше. Сыртына әртүрлі органикалық және бейорганикалық элементтер мен қосылыстардан тұратын біртекті майлағыш жағылады. Қызған кезде жабын газдар қоспасы мен сұйық қожға айналады. Олар дәнекерлеу ваннасын сыртқы әсерлерден қорғайды және жапсар қалыптастыруға көмектеседі.

Электродтар жабынының бетінде бір электродта жиынтық ұзындығы 25 мм-ге дейін болғанда саны төрттен аспайтын, тереңдігі жабын қалыңдығының 50%-ынан аспайтын жергілікті майысқан жерлердің болуына рұқсат етіледі.

Электродтың екі жағында бір көлденең қимадағы екі жергілікті майсқан жер, егер олардың жиынтық тереңдігі жабын қалыңдығының 50%-ынан аспаса, біреу деп қабылдануы мүмкін.

Электродтардың жалпы көрінісі 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – Электродтардың жалпы көрінісі

Электродтар мына құжаттың талаптарына сәйкес дайындалады: МЕМСТ 9466-75 «Болаттарды қолмен доғалық дәнекерлеуге және балқытуға арналған қапталған металл электродтар. Жіктелуі және жалпы техникалық шарттар».

Электродтар көліктің нақты түрінде қолданылатын тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен жабық көлік құралдарымен тасымалданады.

Электродтарды ластанудан, ылғалданудан және механикалық зақымданудан сақтайтын жағдайларда, плюс 15°C-тан төмен емес температурада құрғақ жылытылатын үй-жайларда сақтау керек.

Электродтардың әрбір топтамасының электродтардың осы стандарттың талаптарына және осы маркадағы электродтарға арналған стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкестігін куәландыратын ілеспе сертификаты болуға тиіс.

2 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

2.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

2.1.1 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары, т. б.) дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезінде ҚР ҚН 1.03-00-2022, ҚР ҚН 1.03-05-2011 басшылыққа алу және оларды жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес орындау керек.

2.1.2 Жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін келесі жұмыстар орындалуы керек:

- жауапты жұмыстарды орындаушыны тағайындау;
- болаттың сұрыптарын, сыныптары мен маркаларын, олардың геометриялық сипаттамаларының сәйкестігін тексеру;
- ілеспе құжаттаманың сәйкестігін тексеру,
- бригадирлерді сызбалармен және басқа да техникалық құжаттамамен таныстыру;
- материалдарды ЖЖЖ-да әзірленген схемаларға сәйкес ілмектеу және ілмектен босату;
- бүкіл болат қақтан, майдан, ылғалдан, кірден және тоттан тазартылуы керек;
- жұмысшыларды қол машиналарымен, құралдармен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- құрылыс алаңын өртке қарсы мүкәммалмен және сигнал беру құралдарымен қамтамасыз ету;
- жұмыс аймағына қажетті материалдарды, құралдарды, құрылғыларды жеткізу.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, өндірістік процесс талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.

2.1.3 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау бойынша жұмыстарды келесі құрамдағы буын орындайды:

- 4-разрядты қолмен доғалық дәнекерлеуші (Дк) – 1 адам;
- 3-разрядты құрылыс слесары (Сқ) - 1 адам;
- 2-разрядты жүк ілдіруші (Жі1, Жі2) - 2 адам;
- 6-разрядты автомобиль кранының машинисі (М) - 1 адам.

2.1.4 Осы ТПНН-да құрылыс алаңы жағдайында болат құрылыс конструкцияларын дайындау бойынша жұмыстар қарастырылады және болат конструкциялардың бетін тегістеу және сырлау бойынша жұмыстар қарастырылмайды.

2.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

2.2.1 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау бойынша жұмыстар мынадай технологиялық ретпен орындалуы керек:

- а) дайындық жұмыстары.
- б) негізгі жұмыстар:
 - *металл кесу;*
 - *дәнекерлеу арқылы дайын бөліктерді жалғау.*
- в) қосалқы жұмыстар
 - *материалдарды түсіру.*
- г) қорытынды жұмыстар.

2.2.2 Дайындық жұмыстары

Жұмыстарды жүргізушіден тапсырмалар алғаннан кейін, жұмыс буындары нұсқамалар журналына қол қойғызып, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамадан өтеді. Жеке қорғану құралдарын, материалдарды, құралдарды алады.

2.2.3 Негізгі жұмыстар

Сызбаларға сәйкес элементтерді белгілеу. Белгілеу кезінде технологиялық құжаттамада көрсетілетін механикалық өндеуге, дәнекерлеуден шөгуге және газбен немесе плазмалық кесу кезінде кесу еніне әдіптерді ескеру қажет. Белгілеу өлшеуіштер мен металды өлшеуіш сызғыштардың көмегімен орындалуы керек.

Болат конструкцияларды дәнекерлеу сызбаларға сәйкес жүргізілуі керек. Дәнекерленетін элементтер тұтқыштардың, қысқыштардың, бұрандама қысқыштардың немесе басқа бекіткіш құрылғылардың көмегімен жылжымайтын күйде бекітілуі керек.

Дәнекерленген жалғанымдар аймақтары дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу үшін қолжетімді болуы керек. Негізгі жапсарды дәнекерлеуден бұрын тұтқыштардың бетін қатпарлар мен ақаулардан тазарту керек.

Дәнекерленетін конструкциялардың және дәнекерленген жалғанымдардың орындалған жапсарларының беттерін дәнекерлеу аяқталғаннан кейін балқытылған металдың қожынан, шашырандысынан және қатпарларынан (жұғынынан) тазарту қажет.

Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізер алдында электродтар мен шығын материалдарын 300-400°C температурада 2-4 сағат бойы кептіру керек. Дәнекерлеушінің жұмыс орнындағы қыздырылған дәнекерлеу материалдарының саны жартылай ауысымдық қажеттіліктен аспауы керек. Дәнекерлеу материалдары олардың ылғалдануын болдырмайтын жағдайларда сақталуы керек.

Көзбен шолып бақылау кезінде дәнекерленген жапсарлар келесі талаптарға сай болуы керек:

а) беткі қабатының негізгі металға күрт ауысусыз тегіс немесе біркелкі қабыршақты болуы (негізгі металға біркелкі өту талабы арнайы негізделуі және қосымша технологиялық тәсілдермен қамтамасыз етілуі тиіс);

б) жапсарлар бүкіл ұзындығы бойына тығыз болуы керек және көрінетін күйіктер, тарылулар, үзілістер, қатпарлар, сондай-ақ өлшемдері бойынша рұқсат етілмейтін кесіктер, жапсардың түбінде шала пісірімдер, жиектерінде шала балқымалар, қожды қосындылар мен қуыстар болмауы керек;

в) жапсар металында және жапсар маңы аймағында кез келген ұзындықта және кез келген бағытта жарықтар болмауы керек;

г) дәнекерлеу тоқтайтын жерлердегі жапсар ойықтары жақсы пісірілуі, ал аяқталатын жерлерде толық дәнекерленуі тиіс.

Болат конструкцияларды дайындаудың негізгі кезеңдері.

Құрылыс конструкцияларын дайындау 5-суретте көрсетілген.



5-сурет – Құрылыс конструкцияларын дайындау

2.2.4 Қосалқы жұмыстар

Құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан түсіру жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен жүзеге асырылады. Материалдарды жұмыстарды жүргізу орнына тасу қолмен жүзеге асырылады.

2.2.5 Қорытынды жұмыстар

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинап, құрал-саймандарды және мүкәммалды қоймаға тапсырады.

2.2.6 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау жөніндегі операциялық карта А.5.1 кестесінде келтірілген.

А.5.1 кестесі - Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау жөніндегі операциялық карта

Атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдықтар, құрал-саймандар, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Нұсқама, құжаттамамен танысу		4-разрядты қолмен доғалық дәнекерлеуші (Дк) - 1 адам; 3-разрядты құрылыс слесары (Ск) - 1 адам; 2-разрядты жүк ілдіруші (Жі1, Жі2) – 2 адам; 6-разрядты автомобиль кранының машинисі (М) – 1 адам.	Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, қол қойғызып қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді, қажетті құралдарды алады
Негізгі жұмыстар			
Құрамдастырылған қайшымен бұрыштық,	Құрамдастырылған баспақ қайшы, өлшеуіш, бор	Ск	Ск кесу нүктелерін белгілейді. Берілген өлшем бойынша тіреуішті орнату. Болатты 10 м-ге

а.5.1- кестенің соңы

1	2	3	4
жолақты болатты, арматуралық өзекшелерді кесу және жолақты болатты бұрғылау			дейінгі қашықтықта апару және оны баспақтың қабылдау үстеліне төсеу. Бөлшектерді сызбаға сәйкес ұзындығы бойынша кесу. Болат баспақ үстелінен алынып, жұмыс орны аумағына төселеді.
Дәнекерлеу арқылы дайын бөлшектерден болат конструкцияларды құрастыру	Дәнекерлеу аппараты, ажарлау машинасы, өлшеуіш, бұрыштық, металл сызғыш, балға	Дк, Сқ	Сқ бөлшектерді 15 м-ге дейінгі қашықтыққа жұмыс орнына әпереді. Дк, Сқ орнату орындарын және бөлшектердегі сызыкіздерді белгілейді. Геометриялық схеманың құрылысы. Кондукторды орнату. Тұтқышпен дәнекерлеу арқылы конструкцияларды құрастыру. Құрастыру кезінде конструкцияларды көмкеру. Сқ дәнекерлеу жапсарларын ажарлау машинасымен тазартады.
Қосалқы жұмыстар			
Материалдарды түсіру	Автомобиль краны, ілмектер	М, Жі1, Жі2	М, Жі1, Жі2 құрылыс алаңында материалдарды көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 т автомобиль кранымен түсіреді.
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	Күрек, сыпырғыш	Дк, Сқ, Жі1, Жі2	Дк, Сқ, Жі1, Жі2 жұмыстарды орындағаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын тазалап, құралдарды қоймаға тапсырады.

3. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

3.1 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау бойынша жұмыстарды орындау кезінде машиналарға, механизмдерге, жабдықтарға, технологиялық жараққа, құрал-саймандарға, мүкәммалға және құрылғыларға қажеттілік А.5.2 кестесінде келтірілген.

А.5.2 кестесі – Жұмыстарды орындау кезінде машиналарға, механизмдерге, құрал-саймандарға, мүкәммалға және құрылғыларға қажеттілік

Буынға

Р/с №	Машиналардың, механизмдердің және құралдардың атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға саны, дана
1	2	3	4	5
1	Құрамдастырылған баспақ қайшы	Болатты кесу және бұрғылау		1
2	Дәнекерлеу аппараты	Конструкцияларды құрастыру		1
3	Ажарлау машинасы	Дәнекерлеу жапсарларын ажарлау		1
4	Балға	Қожды қағу		1
5	Металл өлшеуіш	Белгілеу үшін	-	2
6	Бор	Белгілеу үшін		2
7	Бұрыштық	Белгілеу үшін		1
8	Металл сызғыш	Белгілеу үшін	-	1
9	Күрек	Жұмыс орындарын тазалау		1
10	Сыпырғыш	Жұмыс орындарын тазалау		1
11	Құрылыс каскасы	ЖҚҚ	-	3
12	Қорғаныш көзілдірігі	ЖҚҚ	-	1
13	Қолғап	ЖҚҚ	-	3
14	Костюм	ЖҚҚ	-	3

а.5.2- кестенің соңы

1	2	3	4	5
15	Дәнекерлеуші маскасы	ЖҚҚ	-	1
16	Дәнекерлеуші костюмі	ЖҚҚ	-	1
17	Арнайы аяқ киім	ЖҚҚ	-	4
18	Дәрі қобдиы	Алғашқы медициналық көмек көрсету құралы	-	1

3.2 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау бойынша материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы А.5.3 кестесінде келтірілген.

А.5.3 кестесі – Жұмыстарды орындау кезіндегі материалдарға қажеттілік ведомосы

Жұмыстардың көлемі – 3 дана / 181,6 кг

Р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	ТНҚА атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4	5
Аралық траверс – 18,9 кг				
1	Бұрыштық болат 75x75x6 мм	МЕМСТ 8509-93	кг	17,04
2	Арматура, класы А240, диаметрі 25 мм	МЕМСТ 34028-2016	кг	2,38
3	Электродтар, диаметрі 4 мм	МЕМСТ 9466-75	кг	0,15
Өрт сатысы – 27,2 кг				
1	Бұрыштық болат 45x45x4 мм	МЕМСТ 8509-93	кг	16,87
2	Арматура, класы А240, диаметрі 18 мм	МЕМСТ 34028-2016	кг	11,12

а.5.3- кестенің соңы

1	2	3	4	5
3	Электродтар, диаметрі 4 мм	МЕМСТ 9466-75	кг	0,22
Алаңы бар өтпелі баспалдақ - 135,5 кг				
1	Бұрыштық болат 63х63х5 мм	МЕМСТ 8509-93	кг	75,87
2	Арматура, класы А240, диаметрі 20 мм	МЕМСТ 34028-2016	кг	47,28
3	Арматура, класы А240, диаметрі 10 мм	МЕМСТ 34028-2016	кг	3,09
4	Бұрыштық болат 125х80х8 мм	МЕМСТ 8510-86	кг	2,06
5	Жолақты болат, қалыңдығы 6 мм	МЕМСТ 103-2006	м	11,22
6	Электродтар, диаметрі 4 мм	МЕМСТ 9466-75	кг	1,11

4 Еңбек шығындары мен машина уақытының калькуляциясы

4.1 Калькуляцияларды жасау кезінде Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарына бірыңғай нормалар мен бағалар БНЖБ пайдаланылды.

4.2 Құрылыс алаңында болат конструкцияларды (өрт сатылары және басқалары) дайындау кезінде еңбек шығындарын нормалау жүргізілген еңбек шығындарының хронометраждық жұмыстары негізінде орындалды.

4.3 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

$$З = \frac{З_1}{60} \cdot n ,$$

мұндағы, Ш – еңбек шығындары, адам-сағ.;

Ш₁ – нақты объектіде нормаланған жұмыстардың түрлеріне арналған минуттардағы еңбек шығындары;

n – нормалау сәтінде жұмыс түрінде қамтылған жұмысшылардың саны.

4.4 Технологиялық порцестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы және дайындық операциялары нормаларда ескерілді, бірақ жұмыстардың құрамында ескертілмеді.

4.5 Нормаларда дайындық-қорытынды жұмыстарға (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге (ТҮ), жеке қажеттіліктерге және тынығуға арналған еңбек шығындары ескерілді

А.5.4 кестесі - Құрылыс алаңында болат конструкцияларды дайындау бойынша еңбек шығындарының калькуляциясы

Жұмыстардың көлемі - 0,0189 тонна конструкцияға

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам-сағ бірлігіне уақыт нормасы (маш.- сағ)	Буын құрамы			Адам-сағ көлеміне еңбек шығындары (маш.- сағ)
					Кәсіп	Разряд	Саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Дәнекерлеу арқылы қолмен құрастыра отырып бұрыштық және дөңгелек болаттан аралық траверс дайындау	т	0,0189	16,72 (2,646) (6,19) (1,746)	Дәнекерлеуші Құрылыс слесары	4 3	1 1	0,316 (0,05) (0,117) (0,033)
ЖИЫНЫ Құрамдастырылған баспақ қайшы Дәнекерлеу аппараты Ажарлау машинасы								0,316 адам-сағ 0,05 маш.- сағ 0,117 маш.- сағ 0,033 маш.- сағ
Қосалқы жұмыстар								
2	Құрылыс алаңында материалдарды (жүктерді) көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру	т	0,0189	0,12 (0,061)	Қран машинисі Жүк ілдіруші	1 2	1 2	0,00227 (0,00115)
ЖИЫНЫ Автомобиль краны								0,00227 адам-сағ 0,00115 маш.- сағ
БАРЛЫҒЫ Құрамдастырылған баспақ қайшы Дәнекерлеу аппараты Ажарлау машинасы Автомобиль краны								0,318 адам-сағ 0,05 маш.- сағ 0,117 маш.- сағ 0,033 маш.- сағ 0,00115 маш.- сағ

1,0 тонна болат конструкцияларды дайындауға арналған есеп:

$0,318 / 0,0189 = 16,825$ адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

0,05 / 0,0189 = 2,646 маш.-сағ – құрамдастырылған баспақ қайшыны пайдалану;
0,117 / 0,0189 = 6,19 маш.-сағ – дәнекерлеу аппаратын пайдалану.
0,033 / 0,0189 = 1,746 маш.-сағ – ажарлау машинасын пайдалану;
0,00115 / 0,0189 = 0,061 маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану.

А.5.5 кестесі - Құрылыс алаңында болат конструкцияларды дайындау бойынша еңбек шығындарының калькуляциясы

Жұмыстардың көлемі - 0,0272 тонна конструкцияға

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам-сағ бірлігіне уақыт нормасы (маш.- сағ)	Буын құрамы			Адам-сағ көлеміне еңбек шығындары (маш.- сағ)
					Кәсіп	Разряд	Саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Дәнекерлеу арқылы қолмен сұрастыра отырып бұрыштық және дөңгелек болаттан баспалдақ дайындау	т	0,0272	17,794 (2,452) (6,728) (1,838)	Дәнекерлеуші Құрылыс слесары	4 3	1 1	0,484 (0,0667) (0,183) (0,05)
ЖИЫНЫ Құрамдастырылған баспақ қайшы Дәнекерлеу аппараты Ажарлау машинасы								0,484 адам-сағ 0,0667 маш.- сағ 0,183 маш.- сағ 0,05 маш.- сағ
Қосалқы жұмыстар								
2	Құрылыс алаңында материалдарды жүктерді) көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру	т	0,0272	0,12 (0,061)	Кран машинисі Жүк ілдіруші	1 2	1 2	0,00326 (0,00166)
ЖИЫНЫ Автомобиль краны								0,00326 адам-сағ 0,00166 маш.- сағ

а.5.5- кестенің соңы

1	2
БАРЛЫҒЫ	0,487 адам-сағ
Құрамдастырылған баспақ қайшы	0,0667 маш.- сағ
Дәнекерлеу аппараты	0,183 маш.- сағ
Ажарлау машинасы	0,05 маш.- сағ
Автомобиль краны	0,00166 маш.- сағ

1,0 тонна болат конструкцияларды дайындауға арналған есеп:

$0,487 / 0,0272 = 17,904$ адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

$0,0667 / 0,0272 = 2,452$ маш.-сағ – құрамдастырылған баспақ қайшыны пайдалану;

$0,183 / 0,0272 = 6,728$ маш.-сағ – дәнекерлеу аппаратын пайдалану.

$0,05 / 0,0272 = 1,838$ маш.-сағ – ажарлау машинасын пайдалану;

$0,00166 / 0,0272 = 0,061$ маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану.

А.5.6 кестесі - Құрылыс алаңында болат конструкцияларды дайындау бойынша еңбек шығындарының калькуляциясы

Жұмыстардың көлемі - 0,1355 тонна конструкцияға

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам-сағ бірлігіне уақыт нормасы (маш.- сағ)	Буын құрамы			Адам-сағ көлеміне еңбек шығындары (маш.- сағ)
					Кәсіп	Разряд	Саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Дәнекерлеу арқылы қолмен сұрастыра отырып бұрыштық, дөңгелек және жолақты болаттан өтпелі алаңы бар баспалдақ дайындау	т	0,1355	42,561 (3,815) (18,45) (1,845)	Дәнекерлеуші Құрылыс слесары	4 3	1 1	5,767 (0,517) (2,5) (0,25)

а.5.6- кестенің соңы

1								2
<div>ЖИЫНЫ</div> <div>Құрамдастырылған баспақ қайшы</div> <div>Дәнекерлеу аппараты</div> <div>Ажарлау машинасы</div>								<div>5,767 адам-сағ</div> <div>0,517 маш.- сағ</div> <div>2,5 маш.- сағ</div> <div>0,25 маш.- сағ</div>
Қосалқы жұмыстар								
2	Құрылыс алаңында материалдарды жүктерді) көлік құралдарынан жүк көтергіштігі 25 тонна автомобиль кранымен түсіру	т	0,1355	0,12 (0,061)	Кран машинисі Жүк ілдіруші	1 2	1 2	0,0163 (0,00827)
<div>ЖИЫНЫ</div> <div>Автомобиль краны</div>								<div>0,0163 адам-сағ</div> <div>0,00827 маш.- сағ</div>
<div>БАРЛЫҒЫ</div> <div>Құрамдастырылған баспақ қайшы</div> <div>Дәнекерлеу аппараты</div> <div>Ажарлау машинасы</div> <div>Автомобиль краны</div>								<div>5,783 адам-сағ</div> <div>0,517 маш.- сағ</div> <div>2,5 маш.- сағ</div> <div>0,25 маш.- сағ</div> <div>0,00827 маш.- сағ</div>

1,0 тонна болат конструкцияларды дайындауға арналған есеп:

$5,783 / 0,1355 = 42,679$ адам-сағ – жұмысшылардың еңбек шығындары;

$0,517 / 0,1355 = 3,815$ маш.-сағ – құрамдастырылған баспақ қайшыны пайдалану;

$2,5 / 0,1355 = 18,45$ маш.-сағ – дәнекерлеу аппаратын пайдалану.

$0,246 / 0,1355 = 1,845$ маш.-сағ – ажарлау машинасын пайдалану;

$0,00827 / 0,1355 = 0,061$ маш.-сағ – автомобиль кранын пайдалану.

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

40-шығарылым

Басылымға жауаптылар: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
Қарпі: Times New Roman. Пішімі 60 × 84 ¹/₈

050046, Алматы қаласы, Солодовников көшесі, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – қабылдау бөлмесі

Издание официальное

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ

Выпуск 40

Ответственные за выпуск: АО «КазНИИСА»
Гарнитура: Times New Roman. Формат 60 × 84 ¹/₈

050046, г. Алматы, ул. Солодовникова, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – приемная